

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ  
«ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ**

**С.Д.МАХМЕТОВА**

Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық  
диагностикасы (әдістемелік нұсқау)

Мамандығы: : 050102 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»

**АҚТАУ 2010**

Құрастырған Махметова С.Д. Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы (Әдістемелік нұсқау). 050102 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. Ақтау, 2010ж. 35 бет.

Пікір жазған: п.ғ.д, профессор Аренова А.Х.

Педагогикалық процесте оқушылардың, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғасын зерттеу әдістеріне ерекше мән берілуде. Диагностика ізгілендіру, демократияландыру, саралап және даралап оқыту жетекші қағидаларын нақтылы іс жүзінде асыруға ықпал етеді.

Оқу құралында әлемге белгілі психологтардың апробациядан өткен, практикада көп қолданылатын әдістемелері жинақталды.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010 ж.

## Кіріспе

Қоғамның басты байлығы ретінде адам факторына бетбұрыс жасау, оның интеллектуалдық потенциалын дамыту, даралық, шығармашылық, құзырлылық т.б. жеке тұлғаға тән басты қасиеттерді қалыптастыру мұғалім қызметімен тікелей байланысты. Әр оқушының дамуына тиімді жағдай жасап, қабілеттерін дамытатын, талантын оятатын, жеке тұлғаны қалыптастырудың психологиялық стратегиясын жүзеге асыратын мұғалім-зерттеушіге деген сұраныс күнде-күн күшеюде.

Бастауыш сынып мұғалімдері мен 050102 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне психологиялық диагностика негіздерін меңгертіп, осы бағыттағы іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін қолданбалы психологиялық білім берудің маңызы зор деп есептеймін. Психологиялық диагностикаға ерекше мән берілуі төмендегі тенденциялармен де түсіндіріледі:

- психологиялық диагностика дүниежүзі бойынша білім беруді дамытудың жетекші әрі қажетті шартына айналып отыр;
- психологиялық диагностикаға байланысты оқытушылардың, мұғалімдерден және адам факторымен қызмет жасайтын басқа да мамандардан сұраныс күрт көбейіп отыр;
- психологиялық диагностика әдістемелерін практикалық түрде қолдану көпшілік сипатқа ие болып отыр.

Бастауыш сынып мұғалімдерін, олардың мамандығына тікелей қатысты диагностикалық білім, іскерлік, дағдымен қаруландырудың өзекті проблемаларының бірі – жұмыста басшылыққа алатын ғылыми әдебиеттер, көмекші әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі. Бұл проблема ана тіліміздегі оқу-әдістемелік әдебиетке тікелей байланысты, себебі дүние жүзі бойынша ғылымның бұл саласы соңғы кезеңде ерекше қарқынмен дамып отыр.

Баланың мектепте оқуға психологиялық тұрғыдан дайындығы және бастауыш сынып оқушыларының психологиялық даму деңгейін зерттеу әдістемелері үш бағыт бойынша іріктелді:

- а) интеллектуалдық дайындық;
- ә) сезімдік-еріктік дайындық;
- б) әлеуметтік дайындық.

Интеллектуалдық дайындыққа бүкіл таным процестерінің дамуы, басқаша айтқанда ми құрылысы қызметінің жетілу деңгейі енгізілді.

Сезімдік-еріктік дайындық қызықты немесе қызықтырмайтын жұмысты ерік күшімен орындау мүмкіндігін қамтиды.

Әлеуметтік дайындыққа қарым-қатынасқа деген қажеттілік, қарым-қатынас мәдениеті, оқушы роліндегі қарым-қатынасты орындау қабілеті енеді.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық даму деңгейін анықтауға байланысты психологтардың арасында бірнеше көзқарастар бар. Солардың ішінде мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың және бастауыш 1-4 сыныптарындағы оқушылардың психологиялық дайындығына кешенді зерттеу жүргізуді мақұлдаушылар көбеюде. Зерттеу жұмыстарын кешенді жүйемен жүргізудің артықшылығы сонда, бұл жағдайда баланың мектепке оқуға жетілгендігі анықталып қана қоймай, әр сыныпқа байланысты дамуындағы өзгерістерді бақылауға, баланың нышан, қабілеттерін дер кезінде көріп, оны дамыту бағытындағы жұмыстарды

белгілеуге, үлгермеушілік немесе тәрбиедегі кемшілік себептерін ашып, оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушының психологиялық дамуын диагностикалық негізінде анықтауға бағытталған әдістемелерді төмендегі жүйе бойынша жинақтадым:

1. Баланың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорын анықтау.
2. Баланың мектепке, оқуға қарым-қатынасын анықтау.
3. Зейінді бағалау әдістемелері.
4. Естің психодиагностикасы.
5. Ойлаудың психологиялық диагностикасы.
6. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тілінің даму деңгейін бағалау әдістері.
7. Көркем-бейнелік қабілетті, қиялды зерттеу әдістері.
8. Оқушылардың жетістікке жету құштарлығын анықтау әдістері.
9. Оқушының жеке-дара қасиеттерін зерттеу.
10. Қарым-қатынасты зерттеуге графикалық тәсілдерді қолдану.
11. Оқушылардың психологиялық дамуындағы ерекшеліктерге бақылау жасау.
12. Мектепке қабылданатын және мектептің бастауыш сыныптарында оқитын балалардың жеке психологиялық дамуы туралы педагогикалық-психологиялық қорытынды жасау.

Әдістемелік нұсқауда жоғарыда сипатталған бағыттағы американдық, неміс, ағылшын, орыс психологтарының апробациядан өткен, практикада көп қолданылатын әдістемелері жинақталды. «Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы» деп аталған әдістемелік нұсқау 050102 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттері және бастауыш сынып мұғалімдері үшін баланың психологиялық дамуын зерттеу бағытындағы практикалық жұмыстарды ұйымдастыруға көмекші болады деп сенемін.

### **Баланың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорын анықтау**

Қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорына баланың өзі, жақындары мен тума-туыстары, мекен-жайы, қоршаған орта, табиғаты, үй тұрмысында қолданылатын заттар, кеңістік пен уақыт, құралдар мен материалдар туралы білетін мәліметтері жатады. Бала жасының өзгеруіне сәйкес бұл білімдер біртіндеп кеңейіп, тереңдеп отырады.

6-7 жастан 10-11 жасқа дейінгі, яғни мектеп табалдырығын алғаш аттаған және оның 1,2,3,4 сыныптарын бітіріп отырған балалардың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорын жылма-жыл тексеріп, өзара салыстыру үшін ұсынып отырған әдістемелер комплексі әрқайсысы 10 сұрақтан құралған бір-біріне ұқсас сұрақтар жиынтығын қамтиды. Сұрақтар жылма-жыл мағынасы жағынан қайталанғанымен біртіндеп күрделеніп дұрыс та толық жауап беру үшін баладан нақты да кең білімді талап етеді. Мысалы, мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаға «Сенің атың кім?» деген қарапайым сұрақ қойылса, келесі жылдары сұрақ «Атың, тегің, әкеңнің аты қалай?» (1 сынып), «Сенің әке-шешенің аттары, тегі, әкелерінің аттары қандай?» (2 сынып), «Атаң мен әжеңнің

аттарын,тегін,әкелерінің аттарын ата» (3 сынып), «Сенің әкеңнің немесе шешенің бірге туған аға-апа, іні-қарындастарының аты-жөні кім?» (4 сынып) түрінде өзгереді. Бұл әдістеменің сұрақтары оларға тек қабілетті балалар ғана дұрыс та толық жауап бере алатындай етіп әдейі тандалған. Бұл арқылы, біріншіден, нағыз қабілетті балаларды анықтауға, екіншіден, жалпы бағдары мен тұрмыстық білім көрсеткішіне сәйкес оларды бірнеше топтарға бөлуге мүмкіндік туындайды. Ал, орта қабілетті кез келген бала сұрақтардың ең кемі бірнешеуіне жауап беріп, белгілі бір ұпай жинайды.

Әдістеме бойынша жауапты сан жағынан бағалаудың 2 тәсілі қарастырылған: 0 ұпай және 1 ұпай. Бірақ тәжірибе жауаптың тек 2 нұсқасы болуының тиімсіздігін көрсетіп отыр. Себебі, балалар кейде жауапқа жартылай дұрыс жауап береді де, оны 0 немесе 1 ұпаймен бағалау мүмкін болмай қалады. Сонымен қатар, кейбір сұрақтар, мысалы 6,7,8,9 сұрақтары, бір емес екі сұрақтан құралған. Бала кейде осы сұрақтардың біріне жауап беріп, екіншісіне жауап бермеуі мүмкін. Осыған байланысты жартылай дұрыс немесе толық емес жауапқа 0,5 ұпай берген жөн. Зерттеу барысында берілген сұраққа бала жауапты білмегендіктен емес, сол сұраққа ол баланың қайтарар жауабы жоқ болғандықтан жауап қайтармайтын жағдай да кездесуі мүмкін. Мысалы берілген әдістемедегі 1 сынып оқушыларына арналған 2,6 сұрақ, 2 сынып оқушыларына арналған 5,9 сұрақтар. Сондықтан, баланың отбасы жағдайымен алдын-ала танысып, сұрақтардағы сөздерді бала жағдайына қарай бейімдеп қолдануға болады. Мысалы, «туыстарың» сөзін «таныстарың» сөзімен, қажет болғанда «ата-ананың» сөзін балаға қамқоршы болып отырған жанашырларының атымен, яғни «аға-жеңген», «апа-жезден» т.б. сөздермен алмастыруға болады.

### **№ 1 әдістеме. Баланың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорын анықтау**

Әдістеменің бірінші нұсқасы мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларға арналған. Ал 1-4 сынып оқушыларының қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қорын анықтауға арналған сұрақтар содан кейін берілген. Жауаптарды өңдеу, бағаларын ұпай арқылы белгілеу, сол негізде балалардың психологиялық даму деңгейін анықтау жолдары бәріне ортақ. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстық білім қоры төмендегі сұрақтарға қайтарған жауабы бойынша анықталады:

1. Сенің атың кім? /Оқушы атының орнына тегін айтса, қатеге есептелмейді/
2. Сенің жасың нешеде?
3. Сенің ата-анаңның аттары кім? /Жұрт атап кеткен атын айту қатеге есептелмейді: мысалы Жетпісәлі-Жетпіс т.б./
4. Сен тұратын қала /ауыл/ қалай аталады?
5. Сен қандай көшеде тұрасың?
6. Үйіңнің және пәтеріңнің нөмірі қандай?
7. Сен қандай жануарларды білесің? Олардың қайсысы жабайы, қайсысы үй жануары болып есептеледі? /Ең кемі 2 жабайы, 2 үй жануарын атаған жауап дұрысқа саналады/
8. Ағашқа жапырақ қай мезгілде шығып, қай мезгілде түседі?

9.Сенің ұйқыдан оянатын, күндізгі тамақ ішетін, ұйықтауға жататын мезгілдерің қалай аталады?

10. Өзің қолданатын киімдердің,асхана құралдарының атын ата /3 киімнің, 3 құралдың атын атау дұрыс жауапқа саналады./

Сұрақтарға қайтарылған әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі,ендеше бұл әдістеме бойынша барлық сұраққа дұрыс жауап берген әр бала ең жоғары 10 ұпай жинауға мүмкіндік алады. Әр сұраққа жауап беру үшін 30 сек. бөлінеді, бала бұл мерзімде жауап бере алмаса,жауап қате деп есептеліп, 0 ұпаймен бағаланады.

Барлық сұраққа толық жауап берген, яғни 10 ұпай жинаған бала мектепте оқуға психологиялық тұрғыдан дайын деп есептеледі. Жауап беруге бөлінген уақыт ішінде балаға көмек беру бағытында қосымша сұрақтар беруге болады, бірақ жауапты ауызға салып беру немесе айтып жіберуге рұқсат етілмейді.

1 сыныпқа арналған сұрақтар:

1.Атыңды,тегінді,әкеңнің атын ата.

2.Сенің әкең мен шешенің жастары нешеде?

3.Атаң мен әжеңнің аттары кім?

4. Сен тұратын мекен- жайыңды ата.

5.Сен тұратын мемлекеттің астанасы қалай аталады?

6.Сенің туыстарың тұратын көшенің аты қандай? \Жауапта ең кемі 1 көшенің аты дұрыс аталып, онда қандай туыстары тұратыны айтылуы керек\

7.Туыстарың немесе таныстарың тұратын үйдің және пәтердің нөмірлерін ата.

8.Үйіңнің айналасында кездесетін құстардың атын ата. /Ең кемі 2 әр түрлі құстың аты аталуы керек/

9.Әдетте қар қай айда жауып,қай айда ериді?

10.Үйінде қолданылатын құрал-саймандардың атын ата. /Ең кемі 3 сайманның аты аталған жауап дұрысқа есептеледі./

2 сыныпқа арналған сұрақтар:

1.Әкең мен шешенің тегін,атын,әкелерінің аттарын ата.

2.Сенің ағаң\апаң\ неше жаста? \туған аға-апасы болмаса,ағайыңдас аға-апаларын айтуға болады.\

3.Өзіңнің жақын туыстарыңның біреуінің тегін,атын,әкесінің атын айт. \Ата-әжесі,әке-шешесі,туған аға-апасы,іні-қарындастарынан басқа кез келген туысқанын айтуға болады.\

4.Сен тұратын облыстың орталығы қай қала?

5.Сенің туыстарың немесе таныстарың қай қалада, қай көшеде тұрады?

6.Сенің әкеңнің немесе шешенің бірге туған аға-апа, сіңілі, іні- қарындастарының үйі мен пәтерінің нөмірін ата.\Ең кемі біреуінің мекен-жайы толық айтылған жауап дұрыс деп есептеледі.\

7.Орманды мекендейтін жануарларды \андарды\ата.\Ең кемі 4 аңның аты аталған жауап дұрысқа саналады.\

8.Бізде қай айда ағаш бүршік жарып, қай айда жапырақ сарғаяды?

9.Сенің әкең мен шешенің әдетте жұмыстан қай сағатта оралады? \Жауапта сағаттың аталуы жеткілікті.\

10.Үйінде бар құрал-жабдықтардың аттарын ата \3- тен кем емес құрал санын атау дұрыс жауапқа есептеледі\

3 сыныпқа арналған сұрақтар:

1.Әжең мен атаңның атын,тегін,әкелерінің атын ата.

2. Атаң мен әжеңнің жастары нешеде?
  3. Алыс ағайындарыңның біреуінің атын, тегін, әкесінің атын есіңе түсір. /Ең кемі 1 алыс ағайынды атау жеткілікті\
  4. Қаланың\ауылдың\ сен тұратын бөлігі қалай аталады?
  5. Сенің ата-анаң қайда туған?\Ата-анасының ең кемі біреуінің туған жері дұрыс айтылған жауап дұрысқа саналады.\
  6. Туыстарыңның үйлерінің телефон нөмірлері қандай? \1 нөмір дұрыс аталса жеткілікті\
  7. Өзенде кездесетін балықтарды ата.
  8. Дүние жүзі бөліктерінің қайсысында, қай елдерде жаз немесе қыс болмайды?
  9. Ертеңгі және кешкі тамақты қай сағатта ішесің?
  10. Транспорт түрлерін ата.\3-тен кем емес транспорт түрі аталған жауап дұрысқа саналады.\
- 4 сыныпқа арналған сұрақтар:
1. Әкеңнің немесе шешеңнің аға-апа, сіңілі, іні-қарындастарының атын, тегін, әкелерінің аттарын ата. /Ең кемі 1 ағасы немесе апасының аты-жөні дұрыс аталса жеткілікті/
  2. Сол аға-апаларының жасы нешеде? \біреуінің жасын білу жеткілікті\
  3. Көршілеріңнің біреуінің атын, тегін, әкесінің атын ата. /Ең кемі 1 көршінің аты-жөні толық аталуы керек.\
  4. Біздің республикамызбен шектесетін мемлекеттердің астаналарын ата. \Жауапта ең кемі 3 мемлекеттің астанасы көрініс табуы керек/
  5. Атаң мен әжең қайда туған?
  6. Туыстарың тұратын қалаға қалай телефон соғуға болады? \Ең кемі бір қалаға телефон шалу жолы көрсетілген жауап дұрысқа саналады/
  7. Теңіз жануарларын ата. \Ең кемі 2 жануарды атау керек/
  8. Дүние жүзінің қай елдерінде басқалардан салқын және басқалардан жылы? \Жауапта экватор аймағында орналасқан 1 ел, солтүстік полюске жақын орналасқан 1 ел айтылуы керек.\
  9. Теледидардан сенің сүйікті хабарларың сенбі және жексенбі күндері қай сағатта басталады? \Жауапта ең кемі 2 хабардың уақыты сағатпен және минутпен көрсетілуі керек/
  10. Қызықты нәрселерді қайдан оқуға болады? \Кітап, газет, журналдардан, ең кемі 3 басылым аталуы керек/

## **№ 2 әдістеме. Баланың мектепке, оқуға деген қарым-қатынасын анықтау**

Бұл әдістеменің негізгі мақсаты - мектеп табалдырығын аттап отырған баланың оқуға деген қызығушылығын анықтау. Баланың мектепке дайындығының психологиялық бір белгісі оның оқуға деген қарым-қатынасы болып табылады. Себебі баланың таным процестерінің даму көрсеткіші жақсы болып, ол үлкендермен және басқа балалармен бірлесе әрекет жасай алатындай болатын күнде де, баланы мектепке толық дайын деп айтуға болмайды. Психологиялық дайындықтың 2 белгісі, яғни коммуникативтік дайындық және таным болғанмен, оқуға деген ынта болмаса, баланы мектепке «қызығушылық алғашқы айларда пайда болады» деген шартпен ғана алуға болады. Бұл шарт жаңа білім алуға, мектеп бағдарламасын игеруге қажетті іскерлік пен дағдыларды меңгеру ынтасына тікелей байланысты

Тәжірибе бұл әдістеде де бағалауды 0 және 1 ұпаймен шектеуге болмайтыны көрсетіп отыр, себебі, біріншіден, бұнда да 2 бөліктен тұратын күрделі сұрақтар бар. Бала біреуіне дұрыс жауап берсе, екіншісіне кате жауап беруі мүмкін. Сол сияқты ұсынылған сұраққа баланың қайтарған жауабы жартылай дұрыс болатын жағдай да кездеседі. Осындай бала толық жауап бере алмаған күрделі сұрақтар үшін және бала жартылай дұрыс жауап берген сұрақтар үшін 0,5 ұпайды қолданған жөн. 1 ұпай дұрыс та толық, яғни дұрыстығы жағынан күмән тудырмайтын, дәлелді, кең түсініктеме түрінде берілген жауапқа қойылады. Жауап біржақты және толық емес болса, 0,5 ұпаймен бағаланады. Мысалы «Мектепке бару не үшін қажет?» деген сұраққа толық жауап үлгісі «Пайдалы білім, іскерлік, дағдыны меңгеру үшін» түрінде, ал толық емес жауап «Оқу үшін» түрінде болуы мүмкін. Ал пайдалы білім, іскерлік, дағдыны меңгеру туралы ештеңе айтылмаған, «көңілді болу үшін» үлгісінде қайтарылған жауаптар қатеге есептеліп, 0 ұпаймен бағаланады. Егер оқушының жауабы толық болмай, бірақ көмекші, қосымша сұрақтардан соң жауабын толықтыра алса, онда 1 ұпай қойылады, ал жауапты толықтыра алмаса, 0,5 ұпаймен қалады. Осы әдістеме бойынша тексеру нәтижесінде аралық 0,5 ұпайларды қоса есептегенде ең кемі 8 ұпай жинақтаған бала мектепте оқуға толығынан дайын деп есептеледі. Ал 5 пен 8 ұпайдың арасын жинаған баланың мектепте оқуға дайындығы толық емес деп саналады, 5-тен төмен ұпай жинаған бала мектепте оқуға дайын емес деп есептеледі.

Әдістеме бойынша жауап беру үшін төмендегі сұрақтар сериясы ұсынылады:

1. Сенің мектепке барғың келе ме?
2. Мектепке бару не үшін қажет?
3. Сен мектепте немен айналысасың? /Басқа нұсқасы: Әдетте мектепте балалар немен айналысады?/
4. Мектепке баруға дайын болу үшін нелер қажет?
5. Сабақ деген не? Онда немен шұғылданады?
6. Мектепте сабақ үстінде өзінді қалай ұстау керек деп ойлайсың?
7. Үй тапсырмасы деген не?
8. Үй тапсырмасын орындау не үшін қажет?
9. Сен мектептен келген соң, үйде немен шұғылданасың?
10. Мектепте оқуыңа байланысты сенің өмірінде қандай өзгерістер болуы мүмкін?

Сұрақтың мағынасына толық және дәл келетін жауап дұрысқа саналады. Бала мектепте оқуға дайын деп есептеу үшін ол берілген сұрақтардың көпшілігіне дұрыс жауап беруі керек. Егер бала жауабы толық не дәл болмаса, зерттеуші қосымша, жетекші сұрақтар қоюы керек, жауапқа соңғы баға қосымша сұрақтарға қайтарылған жауапты да ескере отырып қойылады. Тағы бір ескеретін жайт кез келген сұрақты қойғанда, ол сұрақты баланың дұрыс түсінгеніне көз жеткізу керек. Бұл әдістеме бойынша баланың жинақтай алатын ең жоғары ұпайы - 10 ұпай. Практикада бала берілген сұрақтардың ең кемі жартысына дұрыс жауап берген жағдайда мектепке баруға психологиялық тұрғыдан дайын деп есептеледі.

### **Мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың және бастауыш сынып оқушысының зейінін бағалау әдістемелері**

Зейін - баланың мектепке танымдық тұрғыдан дайындығын, оның оқу әрекетінің табысты болуын сипаттайтын негізгі психологиялық процестердің бірі. Оқуда, оның



ішінде бастауыш оқу сатысында туындайтын проблемалардың көпшілігі зейін дамуындағы кемшілікке байланысты болады. Сондықтан, алдын-ала, ең кемі мектепке бармастан 1 жыл бұрын, бала зейінінің жеке ерекшеліктері мен оның даму деңгейі анықталса, кемшіліктерді жою жолындағы жұмыстар жеңілдейтіні сөзсіз. Зейін онтогенезде аз өзгереді, оның негізгі сипаттары жыл өткен сайын тұрақталады, бірақ бала зейінінің дамуындағы кемшіліктерден жүйелі жұмыстар арқылы арылуға болады. Бұл зейіннің нашар дамыған қасиеттерін басқа қасиеттерді ерекше дамыту арқылы толықтыруға болатындығымен түсіндіріледі. Мысалы, зейіннің тұрақтылығының нашарлығы оның жақсы бөлінуімен, ал зейіннің көлемінің аздығы, оның интенсивтілігімен, көру зейіндегі кемшіліктер есту немесе қимыл зейіндерінің артықшылықтарымен, механикалық зейіннің жеткіліксіздігі логикалық зейіннің жоғары дамуымен толығыады. Ұсынылып отырған әдістемелер комплексі зейіннің тұрақты қасиеттерімен қатар, оның балаларда басқа қасиеттер есебімен толығыуын бағалауға да мүмкіндік береді. Зейіннің тұрақтылығы дегеніміз оның бір нәрсеге ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде бағыттталып тұру қасиеті. Зейіннің бөлінуіне зейін аймағында бір мезгілде бірнеше объектіні ұстап, оларды бірдей дәрежеде зейінмен қабылдау қасиетін жатқызамыз. Осы сипатқа байланысты зейінді кең аумақта да немесе бір объектінің кішкене бөлшегінде де ұстап тұруға болады. Адам зейінінің бір объектіден екінші объектіге, алғашқыдан соңғысына көшіп отыруы зейіннің ауысу қасиетін бейнелейді, зейіннің ауысу шапшандығы, яғни оны келесі объектіге шоғырландыруға қажетті уақыт зейіннің ауысу көрсеткіші болып табылады. Ал зейін аймағы дегеніміз - зейін аймағына бір мезгілде сыйғыза алатын объектілер саны. Бастауыш сынып оқушыларында зейіннің тұрақтылығы, бөлінуі және ауысуын зерттеу үшін негізгі әдістемелік материал ретінде Ландольт сақиналарын алуға болады, себебі бұл материал зейінді зерттеуде барлық жас кезеңіне /бастауыш сыныптан бастап, ересек адамдарға дейін/ қолданылатын әмбебап құрал болып есептеледі. Зейіннің ерекшеліктері мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларда олардың оқуға дайындығын анықтау үшін зерттеледі, оларға сақиналардың көлемі жазу жолының биіктігіндей болуы ескерілгені жөн. Ол үшін Ландольт сақиналары стандартты қағазға толығынан сыйғызылады. Парақтың оң жағында баланың фамилиясы, аты, жасы, балабақшада болған тобы, бөлінген сыныбы және зерттеу өткізілген күн жазылады. Зейіннің тұрақтылығы, бөлінуі және ауысуы бағалауға Ландольт сақиналары салынған 1 ғана парақты пайдалануға болады, ол үшін әрбір жаңа тапсырмаға сәйкес оның пайдаланылмаған бөлігімен жұмыс жасауға нұсқау беріледі. Мысалы, әрі қарай жалғастырып орындау немесе парақты 180°-қа бұрып, келесі жағынан бастау т.б.

### **№3 әдістеме. Зейіннің аумағын анықтау «Есінде сақтап, нүктелерді дұрыс орналастыр»**

Әдістемені жүргізу үшін шаршылар қолданылады. 8 шаршы алдын-ала қиылып дайындалады да, ең жоғарысында 2 нүктесі бар шаршы орналасатындай етіп, ретімен жиналады. Эксперимент жүргізуші балаға төмендегідей нұсқау береді: «Қазір екеуіміз зейінге байланысты ойын ойнаймыз. Мен саған нүктелер салынған карточкаларды бірінен соң бірін көрсетемін, сен оларды алдындағы шаршыға көргеніндей етіп, яғни қай торға орналасқанын бейнелейсің». Бұдан соң карточкалар үстінен астына қарай орналасу ретімен /яғни нүктелер біртіндеп көбейетіндей/

әрқайсысы, 1-2 сек. көрсетіліп, әрбір көрсетуден соң баладан көргенін бос шаршыға 15 сек. ішінде бейнелеп беру сұралады. Бұл әдістеме мектепке дейінгі балаларға қолданылған түрде алынған, сонымен қатар осы әдістемені жасөспірімдер мен жеткіншектерге де қолдануға болады. Зейіннің аумағы 10 ұпайлық жүйемен бағаланады. Ересектер зейіні аумағының орта деңгейі 3-7 бірліктен тұратыны белгілі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ересек тобы үшін және бастауыш сынып оқушылары үшін де төменгі көрсеткіш 3 бірлік болып қалады, ал жоғарғы көрсеткіш баланың жас ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады, себебі балалық кезде жалпы зейін, оның ішінде оның аумағы дамып отырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ересек тобы үшін және бастауыш сынып оқушылары үшін зейін аумағы шамамен олардың жасына тең болады, бірақ ересектер зейіні аумағының орта деңгейінен артып кетпеуі керек. Мысалы, 3-4 жасар балада зейін аумағының орта деңгейі 3-4 бірлікке, 4-5 жасар балада зейін аумағының орта деңгейі 4-5 бірлікке, 5-6 жасар балада соған сәйкес 5-6 бірлікке тең болады. Зейін аумағы көрсеткішінің осы соңғы деңгейі бастауыш сыныптардың 1-2 сыныптарында шамамен сол қалпында қалады да, 3-4 сыныптарында зейін аумағының орта деңгейі ересектер көрсеткіші шамасына дейін көтеріледі. Осыған сәйкес балаларда эксперимент барысында анықталған көрсеткіштерді үйреншікті 10 ұпайлық шкала көшірудің төмендегідей жүйесі ұсынылады:

10 ұпай – зейін аумағы 6 бірлікке тең немесе одан жоғары

8-9 ұпай – зейін аумағы 4-5 бірліктен тұрады

4-7 ұпай – зейін аумағы 2-3 бірлікке тең

0-3 ұпай – зейін аумағы 2 бірліктен төмен.

10 ұпай жинаған балалар зейіннің даму көрсеткіші жағынан мектепке баруға толық дайын ғана болып қоймай, бұл тұрғыдан өз қатарларының көбісінен ілгері тұрады.

8-9 ұпай жинаған балалар да мектепке баруға дайын деп есептеледі. Бірақ осындай ұпайды 3-4 сынып аралығында оқитын оқушылар жинаса, бұл көрсеткіш нормадан төмен болып саналады.

4-7 ұпай мектепке баратын балалар үшін зейін аумағы дамуының орта көрсеткіші болса /жеткіліксіздеу болса да/, мектепте оқып жатқан балалар үшін төмен көрсеткіш болып саналады.

Ал, 0-5 ұпай мектепке баратын балалар үшін де, онда оқып жатқан балалар үшін де зейін аумағы көрсеткішінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Бұндай балалар туралы зейіннің даму көрсеткіші жөнінен мектепте оқуға дайын емес деген қорытынды жасалады.

#### **№4 әдістеме. Зейіннің ауысуы мен тұрақтылығын ақыл-ой әрекетінде зерттеу**

Эксперимент жүргізуші оқушыға 2 бір таңбалы санды көрсетіп, бірінің астына бірі жазылған сандарды өзара қосу керектігін түсіндіреді. Бұл әрекет барынша шапшаң 10 минут ішінде орындалуы керек және қосу 2 түрлі тәсілмен жүргізіледі. Әр минут сайын қосу тәсілін өзгертіп отыру қажет.

Бірінші тәсіл:

Зерттелуші жоғары және төменгі санды қосады да, қосындының мәніне бірге қосып, нәтижені жоғарғы санның тұсына жазады. Ал осының алдындағы жоғарғы қатардағы санды төменгі қатарға түсіреді. Пайда болған сандарды тағы да өзара қосып, оған 1-ді қосады да жоғарғы қатарға жазады. Жоғарғы қатардағы санды

төменгі қатарға түсіреді, сөйтіп жұмысты 10 минут бойына жалғастырады. Егер қосындының мәні екі таңбалы санға тең болса, оның бірлігі ғана жазылады, ал ондығы есепке алынбайды. /Мысалы, қосындының мәні 12 болса, 2 саны ғана жазылады./

Бірінші тәсіл бойынша есептеу үлгісі /оқушыға көрсетілетін сан 1 және 2 болған жағдайда/

1 4 6 1 8 0 9 0 0 1

2 1 4 6 1 8 0 9 0 0 т.б.

Екінші тәсіл:

Бұл жағдайда бірінші тәсілдегідей жоғарыдағы сан мен төмендегі сан қосылады, бірақ қосындының мәнінен бір саны шегеріліп, ол төменгі қатарға жазылады да, төменгі қатардағы алғашқы сан жоғарғы қатарға көшіріледі. Бұдан соң әрекет қайтадан басынан басталып, яғни екі санды қосу, одан бірді шегеріп, төменгі қатарға жазу, төменгі қатардағы санды жоғарғы қатарға көшіру күйінде одан әрі жалғастырылады. Мысалы:

1 2 2 3 4 6 9 4 2 5

2 2 3 4 6 9 4 2 5 6 т.б.

Дайындық кезеңінде эксперимент жүргізуші кез келген 2 санды беріп, 5 минут бойы тек қана бірінші тәсілмен қосуды ұсынады. Одан соң оқушы 5 минут тек қана екінші тәсілмен жұмыс жасайды. Бұдан соң 1 минут ішінде істелген есептеу операцияларының орта саны табылады. Эксперименттің негізгі бөлігінде зерттелуші эксперимент жүргізушінің белгісінен соң берілген 2 санды бірінші тәсілмен қоса бастайды. 1 минут өткен соң эксперимент жүргізуші «Уақыт» деген сөзбен белгі береді, оқушы соған сай жазып жатқан санының тұсына тік сызық қойып, сол саннан бастап әрі қарай екінші тәсілмен қосуға көшеді. Оқушы осылай 10 минут бойы әр минут сайын бір тәсілден екінші тәсілге көше отырып жұмыс жасайды. Осы кезеңде ол 9 рет зейінін ауыстырады.

Орындалған жұмысты талдау:

1. Зейіннің ауысуы жағдайындағы 1 минутта істелген есептеу операцияларының орташа саны есептеледі.

Зейіннің көрсеткіштері:

а) 1 минутта 18 не одан да көп операция жасалған болса, бұл психикалық процестердің өту шапшандығының жақсы екенін дәлелдейді.

ә) 8 не одан кем операциялар саны зерттелушінің баяулығын және жұмысқа қабілетінің төмендігін көрсетеді.

2. Бұдан соң зейіннің ауысу деңгейі анықталады. Бұл үшін оқушының зейінінің ауысуы жағдайында 1 минутта істелген операцияларының орта санын зейін ауыспаған жағдайда 1 минутта істелген операцияларының орта санына бөледі. Оқушы зейінінің ауысу деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым сабақтағы ақыл-ой әрекетінің нәтижесі де нашар болады, себебі сабақтағы әрекет оқушыдан зейіннің жиі ауысуын талап етеді.

## **№5 әдістеме. Зейіннің шоғырлануының оқу тапсырмаларын табысты орындауға ықпалын анықтау (қазақ тілінің тапсырмалары негізінде)**

1-кезең. Оқушыға өзіне таныс ережеге байланысты немесе әріп тастау, әріп алмастыру түрінде қателер жіберілген мәтін ұсынылып, тексеріп, қатесін шығаруға тапсырма беріледі.

2-кезең. Оқушыға жоғарыдағыға ұқсас қателер жіберілген мәтін және сол мәтіннің қатесіз үлгісі ұсынылады. Оқушы үлгіге сүйене отырып мәтіндегі қателерді тауып, жөндеуі керек.

Орындалған тапсырмаларды талдау:

- екі кезең бойынша да оқушының жөндеген және байқамаған қателерінің саны анықталады;

- алынған нәтижелер салыстырылады.

Егер байқалмаған қателер саны 1-кезеңге байланысты көбірек болса, бұл оқушының сәйкес ережені, жағдайды дұрыс білмейтінін көрсетеді. Байқалмаған қателер санының 2-кезеңде де алғашқымен шамалас болуы оқушы зейіннің тұрақсыздығын, оны қажетті дәрежеде шоғырландыра алмауын дәлелдейді.

### **Есте сақтауды зерттеу әдістері**

Адамның есте сақтауы зейінмен салыстырғанда көп аспектілі процесс, сондықтан бір-екі әдістеме немесе бірлі-жарымды жеке көрсеткіштер арқылы есте сақтауға баға беру мүмкін емес. Бала мектепке келгенде бастауыш сатындағы оқуды меңгеріп кетуі үшін ең аз дегенде төменде көрсетілген ес түрлері мен оның көрсеткіштері анықталуы керек:

1. Қысқа мерзімді көру және есту есі, олардың көлемі мен ақпаратты жедел естің сәйкес түрінде сақтау қабілетінің деңгейі. Сезім мүшелері арқылы қабылданған кез келген ақпарат /оқу, еңбек, әлеуметтік т.б./ қысқа мерзімді жедел көру және есту естерінсіз ұзақ мерзімді есте сақтауға айналмайды.

2. Есте қалдыру, есте сақтау және қайта жаңғырту мақсатында баланың өз бетінше, өз бастамасымен есте сақтау үшін әр түрлі құралдарды пайдаланумен сипатталатын жанама естің болуы.

3. Есте қалдыру мен еске түсіру процесінің динамикалық ерекшеліктерін дұрыс та дәл бағалаудың маңызы зор. Ол үшін жаттаудың динамикасы және оның нәтижелілігі, белгілі ақпарат бірлігін қатесіз еске түсіру үшін қажетті қайталаулар саны т.б. көрсеткіштер анықталуы қажет. Естің осы түрлері мен аталған көрсеткіштерін анықтау тәсілдерін қарастырайық. Бірақ естің психодиагностикасын жүргізу процесінде төмендегі жағдайларға назар аударуды естен шығармаған жөн.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың есте сақтауы да олардың зейіні сияқты дифференциальды түрде жеке көрсеткіштер бойынша бағаланып, олардың әрқайсысы бойынша баланың есте сақтауы туралы басқаларға тәуелсіз қорытынды жасалады. Ал баланың ес процестері туралы тұтас қорытынды оның есте сақтауының даму көрсеткіші туралы жалпы сипаттама түрінде болып, шарттылық маңызы басым байқалады. Сондықтан да есте сақтаудың жеке түрлеріне қатысты көрсеткіштердің көпшілігі салыстырмалы түрде жоғары, қалғандары орта деңгейде болған жағдайда да, баланың есте сақтауы жоғары немесе орта деген бір жақты қорытынды жасауға болмайды. Себебі, берілген жағдайда зерттелмеген естің түрі маңыздырақ болып кетуі немесе кейбір әрекетте жоғары деңгейді көрсеткен естің

түрі, ал басқаларында орта деңгейді көрсеткен естің түрі шешуші болуы мүмкін. Ендеше, бала есінің дамуы жөнінде қорытынды жасау үшін жеке көрсеткіштерге көбірек сүйенген дұрыс.

### **№6 әдістеме. Қысқа мерзімді есту есінің аумағын бағалау «Цифрларды есте сақта»**

Бұл әдістеме мектеп жасына дейінгі, кіші мектеп жасындағы және бұдан кейінгі мектеп жастарындағы баланың сол сияқты ересектердің қысқа мерзімді есту есінің аумағын анықтауға арналған. Тапсырмаға кіріспес бұрын балаға төмендегідей мазмұндағы түсінік беріледі: «Мен қазір саған цифрлар айтамын, мен «қайтала» деген сөзді айтысымен, сен цифрларды қайталап айт». Бұдан соң эксперимент жүргізуші арасына 1 сек. салып 1А-суретте берілген цифрларды оқиды. Әрбір қатарды тындағаннан кейін бала эксперимент жүргізушіден соң қайталап отырады. Осы жұмыс бала қате жібергенше созылады.

А	Б
9	3
2 4	7 9
3 8 6	1 5 4
1 5 8 5	6 8 6 2
4 6 2 3 9	3 5 9 6 1
4 8 9 1 7 3	7 9 6 4 8 3
5 1 7 4 2 3 8	9 8 5 2 1 6 3
1 4 2 5 9 7 6 3	4 2 7 0 1 8 9 5

#### 1-сурет

Бала қате жіберген жағдайда эксперимент жүргізуші көрші 1Б-суреттегі сондай қатардағы цифрларды қайталайды. Егер бала бұл сандарды қайталауда да, яғни бірдей ұзындықтағы сандарды еске сақтауда 2 рет қате жіберсе, психодиагностикалық эксперимент осымен аяқталады. Баланың қате жібермей қайталаған алдыңғы қатардағы цифр саны анықталады да, енді қарама-қарсы бағыттағы, яғни біртіндеп кемітіндей болып орналасқан сандарды оқуға көшеді. /2 А,Б-суреттер/

А	Б
4 9 1 6 3 2 5 8	4 5 7 1 9 2 8
8 5 9 2 3 4 6	1 7 9 5 8 4 6
1 6 5 2 9 8	3 1 7 6 9 2
4 1 3 7 2	2 8 5 9 1
9 2 6 5	4 9 3 7
4 1 7	1 5 2
2 5	8 3
3	6

#### 2-сурет

Баланың бірінші және екінші жағдайда дұрыс қайталаған қатарындағы цифрлар санының жартысы қысқа мерзімді есту есінің көлемін белгілейді.

Нәтижені бағалау.

10 ұпай - бала орта есеппен 9 цифрды дұрыс қайталаған.

8-9 ұпай-бала орта есеппен 7-8 цифрды дәл еске түсірген жағдайда қойылады.

- 6-7 ұпай-орта есеппен 5-6 цифр қатесіз қайталанған.
- 4-5 ұпай-бала орта есеппен 4 цифрды еске сақтай алады.
- 2-3 ұпай-орта есеппен 3 цифр қайталанаты.
- 0-1 ұпай-бала орта есеппен 0 ден 2-ге дейінгі цифрларды есте сақтай алады.

Қысқа мерзімді есту есінің даму деңгейі туралы қорытынды.

10 ұпай-өте жоғары деңгей.

8-9ұпай-жоғары деңгей.

4-7 ұпай-орта деңгей.

2-3 ұпай-төмен деңгей.

0-1 ұпай-өте төмен деңгей.

Бастауыш сынып оқушыларының көру және есту естерінің даму деңгейі туралы қорытынды.

Ересек адамның қысқа мерзімді есінің орта аумағы 7 қосу-алу 2 яғни 5 тен 9-ға дейінгі бірліктер аралығында болады. Ал мектепке дейінгі жаста қысқа мерзімді естің орта аумағы, шамамен баланың жасына тең болады. Осыған сәйкес қысқа мерзімді естің абсолютті көрсеткіштерін 10 ұпайлық жүйенің стандартты көрсеткіштеріне айналдырудың зейінге ұқсас төмендегідей тәсілін ұсынуға болады.

Нәтижені бағалау.

10 ұпай. Қысқа мерзімді естің аумағы 8 немесе одан жоғары бірлікке тең болған балаға қойылады. Бұл 10-12 жастағы балаларға арналған көрсеткіш. Ал 6-дан 9-ға дейінгі жастағы балалардың қысқа мерзімді есінің аумағы 7-8 бірлікке тең болған жағдайда 10 ұпай қойылады.

8 ұпай. 6-9 жас аралығындағы баланың қысқа мерзімді есінің аумағы 5-6 бірлікке тең болған жағдайда қойылады. Ал 10-12 жас аралығындағы балалар 8 ұпай алу үшін қысқа мерзімді есінің аумағы 6-7 бірлікке тең болуы керек.

4 ұпай. 6-9 жастағы балалардың қысқа мерзімді есінің аумағы 3-4 бірлікке, 10-12 жастағы балалардың қысқа мерзімді есі 4-5 бірлікке тең болған жағдайда қойылады.

2 ұпай. 6-9 жастағы балалар үшін қысқа мерзімді естің аумағы 1-2 бірлік, 10-12 жастағы балалардың қысқа мерзімді есінің аумағы 2-3 бірлік болған жағдайда қойылады.

0 ұпай. 6-9 жастағы балалардың есінің көрсеткіші 0 болған жағдайда, 10-12 жастағы балалардың қысқа мерзімді есінің аумағы 0-1 бірлікке тең болған жағдайда қойылады.

Естің дамуы туралы қорытындылар.

6-7 жастағы балалардың мектепте оқуға дайындығын қысқа мерзімді естің аумағын бағалау негізінде төмендегіше қорытындылауға болады. Қысқа мерзімді естің аумағының дамуы жақсы болып, 10 ұпай алған балалар мектепте оқуға толық дайын деп есептеледі. Қысқа мерзімді естің аумағының дамуы орта болып, жоғарыдағы әдістеме бойынша 8 ұпай алған балалар мектепте оқуға жалпы дайын деп есептеледі.

Қысқа мерзімді естің аумағы 4 ұпаймен бағаланған балалар мектепте оқуға жеткілікті деңгейде дайын емес деп саналады. Қысқа мерзімді естің аумағы 2 ұпаймен бағаланған балалар мектепте оқуға әлі де болса дайын емес деп есептеледі. Қысқа мерзімді естің аумағы 0 ұпаймен бағаланған балалар мектепте оқуға мүлдем дайын емес деп есептеледі.

## №7 әдістеме. Жедел есту есін бағалау.

Естің бұл түрі де осының алдында сипатталған тәсілге ұқсас тексеріледі. Балаға төмендегі төрт қатар сөздер жиынтығы арасына 1 сек.сала отырып, кезек оқылады.

I	II	III	IV
ай	кілем	шанышқы	мектеп
стакан	диван	адам	секіру
әзілдеу	ұйықтау	жүзу	ағаш
сары	ауыр	батыл	қызыл
куыршақ	кітап	пальто	дәптер
сумка	алма	телефон	гүл

Сөздердің әрбір қатары оқылып болған соң, шамамен 5сек.соң, эксперимент жүргізуші асықпай арасына 5сек. сала отырып, төмендегі 36 сөзді оқып шығады: стакан, мектеп, шанышқы, ілгек, кілем, ай, орындық, адам, диван, сиыр, телевизор, ағаш, құс, ұйықтау, батыл, әзілдеу, қызыл, аққу, сурет, ауыр, жүзу, доп, сары, үй, секіру, дәптер, пальто, кітап, гүл, телефон, алма, куыршақ, сумка, ат, жату, піл.

Бұл сөздердің арасында жоғарыдағы 4 қатарда берілген сөздер кездейсоқ ретпен орналасқан. Оларды тез сәйкестендіру үшін әрбір қатардағы сөздер арнаулы сызықпен көрсетілген. Мысалы, бірінші қатардағы сөздер бір сызықпен сызылса, екінші қатардағы сөздер екі сызықпен, үшінші қатардағы сөздер бір үзік сызықпен, ал төртінші қатардағы сөздер ирек сызықпен сызылған.

Эксперимент жүргізуші әр сөзді оқығанда арасындағы 5 секундта бала ол сөздің осының алдында оқылған сөздер қатарында болған-болмағанын еске түсіріп, соған сәйкес «иә», «жоқ» деген жауаптар береді. Егер бала 5 сек. ішінде сөзді есіне түсіре алмаса, эксперимент жүргізуші келесі сөзді оқи береді.

Нәтижені бағалау.

Жедел есту есінің көрсеткіші әр қатардағы 6 сөзді жалпы сөздер жиынтығымен сәйкестендіруге кеткен уақыттың орта мөлшерін жіберген қателердің орта көрсеткішіне бөліп, 1-ді қосу арқылы анықталады. Уақыттың орта мөлшерін табу үшін барлық тапсырманы орындауға жіберілген уақыт 4-ке бөлінеді. Бала сөздер қатарында бар-жоғын дұрыс анықтай алмаған немесе бөлінген 5 сек.ішінде жауап бере алмаған сөздер қатеге саналады.

Ескерту: Бұл әдістемеді стандартты көрсеткіштер болмайды. Сондықтан бұл әдістеме бойынша жедел көру есінің даму көрсеткіштері сияқты қорытынды жедел есту есінің даму деңгейі туралы жасалмайды. Бұл әдістеме бойынша тек әр баланың көрсеткішін салыстыруға немесе бір баланың қайта зерттелген кездегі көрсеткішін алдыңғысымен салыстыруға болады. Сөйтіп әр баланың есту есінің басқа балалардан айырмашылығы немесе белгілі бір уақыттың өтуіне, жүргізген жұмыстардың нәтижесіне байланысты баланың есту есінде болған өзгерістерге қатысты қорытындылар жасалады.

## №8 әдістеме. Жанама естің диагностикасы.

Бұл әдістемені жүргізу үшін бір бет парақ және қалам қажет. Зерттеу басталмас бұрын баламен мынадай түсіндірме жүргізіледі. «Мен қазір әр түрлі сөздер мен сөйлемдер айтамын да, үзіліс жасаймын. Сол үзіліс кезінде сен алдындағы параққа айтылған сөзді немесе сөйлемді есте сақтап, оңай еске түсіруге

көмектесетін, бір белгі, сурет немесе жазу жаз. Бұл жазу немесе суретті шапшаң салу қажет, әйтпесе барлық тапсырмаларды орындап үлгермейміз, себебі есте сақтайтын сөздер мен тіркестер біршама көп».

Бұдан соң балаға бірінен соң бірі, арасына 20 сек. салып төмендегі сөздер мен тіркестер оқылады: Үй. Таяқ. Ағаш. Жоғары секіру. Күн шығып тұр. Көңілді адам. Балалар доп ойнады. Сағат тоқтап тұр. Өзенде қайық жүзіп жүр. Мысық балық жеді. Бала 20 сек. уақыт ішінде аддындағы паракқа кейін сол сөзді немесе тіркесті еске түсіретін бір нәрсе салып үлгеруі керек. Егер бөлінген уақыт ішінде ештеңе салып үлгермесе, эксперимент жүргізуші оны тоқтатып, келесі сөз немесе тіркесті оқиды. Эксперимент аяқталған бойда, психолог баладан өзінің жазбаларын пайдалана отырып, оқылған сөз бен сөз тіркестерін еске түсіруді сұрайды.

Нәтижені бағалау.

Өз жазбасын пайдалана отырып, еске түсірген әрбір сөз немесе тіркес үшін бала 1 ұпай алады. Дәлме-дәл дұрыс қайталанған сөздер мен тіркестер ғана емес, мағынасы сақталып, басқа сөздермен берілген сөздер мен тіркестер де дұрысқа саналады. Шамамен дәл еске түсірілмеген сөздер 0,5 ұпаймен, ал дұрыс еместері 0 ұпаймен бағаланады. Бұл әдістеме бойынша баланың алуы мүмкін ең жоғары көрсеткіші 10 ұпай. Бала бұндай ұпайды барлық сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс еске түсірген жағдайда алады. Ең төменгі көрсеткіш 0 ұпай. Бұндай ұпай бала өз жазбасы бойынша бірде-бір сөз немесе тіркесті еске түсірмеген жағдайда немесе бірде-бір сөзге немесе сөз тіркесіне сәйкес жазба жасай алмаған жағдайда қойылады.

Жанама естің даму деңгейі туралы қорытынды.

10 ұпай-жанама есту есінің өте жоғары даму деңгейі

8-9 ұпай-жанама есту есінің жоғары даму деңгейі.

4-7 ұпай-орта деңгейде дамыған жанама есту есі.

2-3 ұпай-жанама есту есінің төмен даму деңгейі.

0-1 ұпай-жанама есту есінің нашар даму деңгейі.

### №9 әдістеме. Оқушы есінің ерекшеліктерін анықтау.

1 эксперимент. Қысқа мерзімді естің аумағын анықтау. Қажетті материал: сандар қатары жазылған 2 карточка.

#### №1 карточка

5 8

6 4 3

4 2 7 3

5 1 9 4 7

5 9 1 7 4 2

5 8 1 9 2 6 4

2 7 5 8 6 2 5 8

#### №2 карточка

2 4

6 8 9

3 2 7 9

1 5 2 8 6

5 3 9 4 1 8

6 1 2 9 3 9 5

9 4 3 7 6 2 5 8

Эксперимент барысы:

Балаға бірнеше қатар сандар оқылатыны, әр қатар оқылғаннан кейін, эксперимент жүргізушінің белгісінен соң, сол сандарды берілген ретімен жазу керектігі түсіндіріледі. Алдымен №1 карточканың 1 қатары оқылады, оны оқушы жазғаннан кейін осы процесс басқа қатарлармен де қайталаынады. Екінші карточкамен ұсынылатын жұмыс та осыған ұқсас, айырмашылығы оқушылар әрбір қатардағы



сандарды кері ретпен еске түсіріп, жазуы керек. Мысалы: №2 карточканың 3,2,7,9 деген сандарды оқылғаннан кейін оқушы оны былайша жазуы керек: 9,7,2,3.

Орындалған жұмысты талдау: №1 карточка бойынша оқушылардың жазбасын тексеріп, берілген сандардың реті бұзылмай жазылған ең ұзын қатарды табамыз.

№2 карточка бойынша да сондай қатар табылады. Қысқа мерзімді естің аумағы берілген ретін сақтай жазылған сандар көрсеткішіне тең болады.

2 эксперимент. Ұзақ мерзімді естің аумағын анықтау. Қажетті материал: 16 сөйлемнен құралған мәтін.

### Қасқыр.

Қасқыр үлкен итке ұқсайды. Оның жүні ұзын және қатқыл болады. Қасқырдың көздері қыли болып келеді. Құйрығы жайшылықта төмен қарай салбырап тұрады. Қасқырлар орманды, сай-саланы, кейде далалықты мекендейді. Көктемде және жазда олар жеке немесе жұбымен жүреді. Ал күзде күшіктері де бірге болады.

Қыста қасқырлар тобымен жүреді. Олар ірі үй жануарларына да, кейбір тағы аңдарға да шабуыл жасайды. Кейде ұсақ жәндіктермен, тіпті насекомдармен де қоректенеді. Жазда қасқырға орманда азық көп. Қыста олар кейде ауылдарға, қыстақтарға кіріп, малдарды бауыздап кетеді. Аңшылар командасы қасқырға қарсы күрес жүргізеді. Қасқырларды аулау үшін қақпандар пайдаланылады. Ұсталған қасқыр өлтіріледі.

Эксперимент барысы:

Оқушыға мәтіннің 2 рет оқылатыны оны есте сақтап, 2 аптадан соң айтып беру керектігі түсіндіріледі. Мәтін, бірінші оқудан соң 10 сек. уақыт салынып, 2 қайтара оқылады. 2 аптадан кейін оқушыдан мәтіннің мазмұнын айту сұралады және басқа ешқандай қосымша нұсқау берілмейді. Оқушының жауабы толық жазылады.

### **Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ойлауын зерттеу әдістері**

Кіші мектеп жасындағы баланың ойлауы мектепке дейінгі жастағы балалардан, біріншіден, осы кезеңдегі ойлаудың даму қарқынының шапшандығымен, екіншіден, интеллектуалдық процестегі маңызды құрылымдық және сапалық қайта құрулардың пайда болуымен ерекшеленеді. Бастауыш сатыда жетекші әрекет оқудың ықпалымен ойлаудың көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі образдық және сөздік логикалық - үш түрі де шапшаң дамиды. Әсіресе сөздік логикалық ойлау саласында үлкен өзгерістер болып, бастауыш сатының алғашқы кезеңінде басқалармен салыстырғанда нашарлау дамуымен ерекшеленсе, соңғы кезеңінде өзінің сапасы жөнінен негізгі рольге ие болып, ересектердің сөздік-логикалық ойлауына жуықтайды. Сондықтан ойлауды зерттеу бір жағынан барлық ойлау түрін бағалауға бағытталса, екінші жағынан баланың сөздік-логикалық ойлауын ерекше бағалауға арналады. Ойлауды зерттеу әдістемелері осы идеяға сәйкес таңдалып, белгілі бір жүйемен орналастырылды. Бұл әдістемелердің көпшілігі сөздік-логикалық ойлауды зерттеуге бағытталған, бірақ олардың арасында көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі образдық ойлау түрлерін зерттеуге қатыстылары да бар.

## №10 әдістеме. Ұғымды анықтап, себебін түсіндіру, объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу

Ұғымды анықтап, себебін түсіндіру, объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу - баланың интеллектуальдық дамуының деңгейін көрсететін ой операцияларын бағалауға бағытталған. Ойлаудың бұл ерекшеліктері төмендегі сұрақтар тізбесіне берілген жауаптарының дұрыстығымен анықталады:

1. Ат пен иттің қайсысы үлкен?
  2. Адамдар таңертең ертеңгі асын ішеді. Ал күндізгі және кешкі тамақтануын қалай айтамыз? \Дұрыс жауап: түскі асын ішеді, кешкі асын ішеді\
  3. Күндіз көше жарық, ал түнде ? \Дұрыс жауап: қараңғы\
  4. Аспан көк, ал шөп ? \Дұрыс жауап: жасыл\
  5. Алмұрт, өрік, алма бұлар \_\_\_\_\_ \Дұрыс жауап: жемістер мен жидектер\
  6. Поезд келе жатқанда шлагбаумды түсіретін себебі не?
  7. Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды бұлар нелер ? \Дұрыс жауап: қалалар\
  8. Қазір уақыт қанша болды? \Балаға сағат көрсетіліп, уақытты айту сұралады. Дұрыс жауап: сағат пен минутты айту\
  9. Сиырдың төлін бұзау дейді. Қойдың төлін, иттің баласын қалай атайды? \Дұрыс жауап: қозы, күшік\
  10. Ит мысық пен тауықтың қайсысына көбірек ұқсайды? Неге олай ойлайтыныңды түсіндір.
  11. Автомобильге тежегіш \тормоз\ не үшін қажет? \Автомобильдің шапшаңдығын тежеудің қажеттігіне бағытталған кез келген жауап дұрысқа саналады./
  12. Балға мен балтаның ұқсастықтарын ата. \Дұрыс жауап: бұл құралдардың ұқсас қызмет атқаруына бағытталуы керек\
  13. Тиін мен мысықтың ортақ белгілерін тап. \Дұрыс жауапта ең кемі 2 ортақ белгі түсіндірілуі керек. Мысалы, бұлар ағашқа өрмелей алатын жануарлар, екеуінің де жүндері жұмсақ, құйрықтары үлкен, төрт аяғы бар\
  14. Шеге мен бұранданың бір-бірінен айырмашылықтарын ата. \Дұрыс жауап: шегенің сырты тегіс, бұранда қырлы болады, шегені балғамен қағады, бұранданы бұрайды т.б.\
  15. Футбол, биіктікке және ұзындыққа секіру, теннис, жүзу – бұлар неге жатады?
  16. Сен қандай транспорт түрлерін білесің? /Дұрыс жауапта ең кемі екі әр түрлі транспорт аталуы керек/
  17. Қарт адамның жас адамнан айырмашылығы неде? \Дұрыс жауапта қарт адамның жас адамнан айырмашылығын көрсететін ең кемі екі маңызды белгі айтылуы керек.\
  18. Адамдар неліктен денешынықтыру және спортпен шұғылданады? \Дұрыс жауаптың мүмкін нұсқалары: денсаулығын сақтау үшін, күшті, әдемі, бойшаң болу үшін, спорттан жетістіктерге жету үшін, жарыста жеңіп шығу үшін т.б.\
  19. Біреудің жұмыс жасағысы келмеуі неліктен жаман қылық болып есептеледі? \Дұрыс жауаптың мүмкін нұсқалары: дұрыс өмір сүру үшін барлық адамдар жұмыс жасауы керек, себебі бұл адам үшін басқалардың жұмыс жасауы керек болады, себебі жұмыс жасамаса тамақ, киім, үй т.б. нәрселер болмайды т.б.\
  20. Хатқа марка жапсыру не үшін қажет? \Дұрыс жауап: марка почта арқылы жіберудің құны төленгендігін білдіреді/
- Қорытынды жасау.

Әрбір сұраққа берген жауабы үшін балаға 0,5 ұпай қойылып, бұл әдістеме бойынша баланың жинауы мүмкін ең жоғары ұпай 10 көлемінде болады.

Ескерту: Тек үлгіде көрсетілген жауаптар ғана дұрыс деп саналмай, балаға қойылған сұраққа сәйкес берілген саналы, ақылды жауаптардың барлығы дұрысқа есептеледі. Бұл әдістеме негізінен мектепке қабылданатын баланың сөздік логикалық ойлауын зерттеуге арналған. Баланың ойланып, қорытынды жасау қабілетін бағалаумен бірге ұғымды анықтау, себебін түсіндіру, объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу операциялары туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Егер эксперимент жүргізуші баланың жауабын толығынан дұрыс деп бағалай алмаса, сонымен бірге дұрыс емес деп бағалау да мүмкін болмаса, балаға аралық 0,25 ұпай қоюға рұқсат етіледі. Баланың жауабына баға берместен бұрын, оның сұрақты дұрыс түсінгенін анықтап алу керек. Мысалы, шлагбаум сөзін барлық бала біле бермеуі мүмкін сол сияқты 19 сұрақтың мәнін де бірден түсіну қиындық келтіреді. Бұндай жағдайда қосымша түсінік жұмысы жүргізіліп, сұрақтың мағынасы ашылады.

Баланың интеллектуальдық дамуы туралы қорытынды:

10 ұпай -өте жоғары деңгей

8-9 ұпай-жоғары деңгей

### **Кіші мектеп жасындағы оқушылар тілінің даму деңгейін бағалау әдістері**

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тілі ойлаудың, оның ішінде сөздік-логикалық ойдың жетілуімен қатар дамиды, сондықтан ойлауды зерттеу бір жағынан тілді де қамтиды және керісінше баланың сөздік қоры зерттелсе, оның көрсеткіштері ойлау деңгейіне де қатысты болады. Бірақ кіші мектеп жасында баланың сөздік қорын ойдан бөлек бағалау қажет, сонымен қатар тілдің зерттелуі екі бағытта: лингвистикалық және психологиялық болатыны ескерілуі керек. Бірінші жағдайда тілдің лингвистикалық талдауға сәйкес келетін белгілері, яғни лексика, грамматика, стилистика, фонетика т.б. бөлініп бағаланады. Екінші жағдайда бала өзінің таным процестерін басқаруға, мінез-құлқы мен басқалармен қарым-қатынасын реттеуге сөзді қалай пайдаланатыны зерттеледі. Ойлау мен тілдің дамуын бөлек зерттеудің мүмкін еместігі сияқты практикада тілді лингвистикалық және психологиялық жағынан талдауды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Себебі адамның практикалық сөзі әрі тілдік /лингвистикалық/, әрі адамдық /жеке психологиялық/ қасиеттерден бастау алады.

Осыған байланысты сөздік қорды зерттеуге қатысты берілген әдістемелерді сәйкес таным процесі және ұғымдардың анықтамасына байланысты баланың сөздік қоры туралы психолінгвистикалық аралас ақпарат алу құралы ретінде қарастырған жөн. Бұл әдістеменің ойлауды зерттеу әдістемелерінен айырмашылығы негізгі көңіл ойға емес, ойды жеткізуге байланысты сөздерді пайдалануға аударылады.

#### **№11 әдістеме. Ұғымды анықтау.**

Бұл әдістемеді балаға төмендегідей сөздер тізбесі ұсынылады:

1. Велосипед, шеге, газет, қолшатыр, жүн, батыр, теңселу, қосу, тістеу, өткір.
2. Ұшак, кітап, плащ, қауырсын, дос, қозғалу, біріктіру, ұру, доғал.

3. Автомобиль, бұранда, журнал, етік, қабыршақ, қорқақ, жүгіру, байланыстыру, жұлу, тікінекті.

4. Автобус, қыстырғыш, хат, қалпақ, түбіт, есекші, айналу, құрастыру, итеру, сүйір.

5. Мотоцикл, түйреуіш, жарнама, бәтеңке, тері, жау, сүріну, жинау, соғу, бұжыр.

Зерттеу басталмастан бұрын баламен төмендегідей түсініктеме жүргізіледі: «Саған әр түрлі бірнеше сөз берілген, сен осы сөздердің біреуінін де мағынасын білмейтін адаммен кездесіп қалдым деп ойла. Сен сол адамға әрбір сөздің мағынасын түсіндіруің керек. Мысалы: велосипед сөзін қалай түсіндірер едің?»

Бұдан соң баладан берілген сөз тізбесінен өз калауынша біреуіндегі сөздерге анықтама беру сұралады. Дұрыс анықтама берілген әрбір сөз үшін балаға 1 ұпай беріледі. Ал әрбір сөзге анықтама беру үшін 30 сек. уақыт бөлінеді. Егер бала бөлінген уақыт ішінде бұл сөзге анықтама беріп үлгермесе, эксперимент жүргізуші ол сөзді қалдырып, келесі сөзге көшеді. Ескерту:

1. Егер оқу балаға қиындық тудырмайтын болса, сөздерді өзі оқиды. Басқаша жағдайда сөздерді эксперимент жүргізуші оқиды.

2. Бала сөзге анықтама берместен бұрын, оның сөзді дұрыс түсінгендігін анықтау керек. Оны мынадай сұрақтардың көмегімен білуге болады: «Сен бұл сөзді білесің бе?» Егер бала мақұлдай жауап берсе, эксперимент жүргізуші зерттелушіден өз бетімен осы сөзге анықтама беруді сұрайды да, өзі уақытты белгілейді.

3. Егер баланың берген анықтамасы онша нақты болмаса, ол аралық 0,5 ұпай алады. Мүлде нақты емес анықтамаға 0 ұпай беріледі.

Нәтижені бағалау.

Бұл тапсырмаларды орындау нәтижесі бойынша бала ең жоғары - 10, ең төмен 0 ұпай ала алады. Эксперимент біткен соң эксперимент жүргізуші таңдалған тізбектегі 10 сөзден жинаған ұпайларды қосады. Егер баламен бұл эксперимент қайталап жүргізу қажеттігі туса /біршама уақыт өткеннен кейін/ басқа сөздер тізбегін алу керек.

Даму деңгейі туралы қорытынды:

10 ұпай - өте жоғары деңгей

8-9 ұпай - жоғары деңгей

4-7 ұпай - орта деңгей

2-3 ұпай – төмен деңгей

0-1 ұпай - өте төмен деңгей

### **№12 әдістеме. Сөздік қорын анықтау**

Бұл әдістеме бойынша да алдыңғы әдістемеді қолданылған әрқайсысында 10 сөз бар 5 сөздер қатары пайдаланылады. Әдістемені жүргізу реті төмендегідей:

Балаға бірінші сөздер қатарынан бір сөз, мысалы велосипед сөзі оқылады да, келесі сөздер қатарларынан осы сөзге мағынасы жағынан ұқсас, осы сөзбен мағыналық бір топ құрайтын сөздерді іріктеу тапсырылады. Ол үшін келесі қатардағы сөздер арасына 1 сек. уақыт салынып, жаймен оқылады. Бала тындай отырып, мағынасы жақын сөзді табуы керек. Мысалы: велосипед сөзіне екінші қатардан ұшақ, үшінші қатардан автомобиль, келесі қатарлардан автобус, мотоцикл сөздерін бөліп, оларды «транспорт түрлері» немесе «қозғалыс құралдары» түсінігімен байланыстырады. Егер бала қажетті сөздерді бір рет оқығанда таба алмаса, сол қатар шапшанырақ

темппен қайта оқылады. Сол сияқты бір оқығаннан кейін, бала сөзді қате тапса да, эксперимент жүргізуші қатесін түсіндіріп, қайта оқиды.

Барлық төрт қатардағы сөздер оқылып қажетті сөздер табылған соң, эксперимент жүргізуші бірінші қатардың екінші сөзіне көшіп, жұмысты осы ретпен бала бірінші қатардың әр сөзіне сәйкес келетін сөздерді түгел тапқанша жалғастырады.

Ескерту: Екінші және одан кейінгі қатардағы сөздерді оқымас бұрын, бала ізделіп жатқан сөздің мағынасын ұмытып қалмауы үшін эксперимент жүргізуші бірінші сөзді және табылған сөздерді баланың есіне салып отырады. Мысалы, екінші қатардағы сөздерді оқымас бұрын велосипед сөзіне мағынасы сәйкес келетін сөзді іздеу керек екенін, ал үшінші қатардағы сөздерді оқырда велосипед, ұшақ сөздеріне мағынасы жақын сөздерді іздеу керек екенін айтады. Осылайша үшінші қатардағы сөзді оқымас бұрын балаға шамамен төмендегідей нұсқау беріледі: Біз екеуміз мағынасы жақын велосипед, ұшақ, автомобиль сөздерін таптық. Мен келесі сөздерді оқимын. Сен осы сөздерге мағынасы жақын сөзді табу керек екенін ұмытпа, ондай сөзді естіген бойда маған хабарла.

Нәтижені бағалау.

10 ұпай - бала 40-тан 50-ге дейінгі сөздерді мағынасы бойынша дұрыс топтастырған жағдайда қойылады.

8-9 ұпай - 30-40 сөздің мағынасы табылған жағдайда қойылады.

6-7 ұпай-20-30 сөздің мағынасы дұрыс табылған жағдайда қойылады.

4-5 ұпай-10-20 сөздің мағынасы дұрыс табылғанда қойылады.

3 ұпай-бала мағынасын дұрыс тапқан сөздер саны 10-нан кем бояғанда қойылады.

Даму деңгейі туралы қорытынды:

10 ұпай - өте жоғары деңгей

8-9 ұпай - жоғары деңгей

### **Қиялды зерттеу әдістері**

Бала қиялы оның фантазиясының даму деңгейімен бағаланады. Ал бала фантазиясы, оның әңгімесі, салған суреті, жасаған құралдары т.б. шығармашылық іс-әрекетінде көрініс табады. Соған байланысты балаға 3 тапсырма орындау ұсынылады:

Бір тіршілік иесі /адам, жан-жаңдар т.б./ немесе басқа бір нәрсе туралы баланың өз қалауы бойынша әңгіме /ертегі, тарихи оқиға/ ойлап, 5 мин. ішінде оны ауызша баяндауы. Әңгіменің /ертегінің, оқиғаның/ тақырыбын, сюжетін ойлануға 1 минутқа дейін уақыт беріледі де, бала содан соң баяндауға кіріседі.

### **№13 әдістеме. Сөз арқылы қиялдау.**

Әңгімелеу барысында бала фантазиясы төмендегі белгілер бойынша бағаланады:

1.Қиялдау процесінің шапшандығы.

2.Қиял бейнелерінің өзгешелігі, қайталанбаушылығы.

3.Фантазиясының байлығы.

4.Бейнелердің тереңдігі мен жан-жақты деталь бойынша сипатталуы.

5.Бейнелердің сезімге әсері, эмоциялық көрінісі.

Балаға осы көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша 0-ден 2-ге дейін ұпай қойылады. 0 ұпай - жоғарыда аталған белгілер әңгімеде болмаған жағдайда қойылады.

1 ұпай - әңгімеде зерттеліп отырған белгілер салыстырмалы түрде нашарлау көрінген жағдайда қойылады.

2 ұпай - зерттеліп отырған белгілер әңгімеде біршама жақсы көрінген жағдайда қойылады.

Егер бала 1 мин. ішінде әңгіме сюжетін ойлап таба алмаса, эксперимент жүргізуші оған әңгіме сюжетін өзі айтып, қиялдау шапшандығына балаға 0 ұпай қояды. Егер бала әңгіме сюжетін 1 минуттың соңына қарай ғана ойлап таба алса, оның қиялдау шапшандығы 1 ұпаймен бағаланады. Ал бала әңгіме сюжетін өте тез, алғашқы 30 сек. ішінде ойлап таба алса, немесе бөлінген 1 мин. ішінде әр түрлі 2 сюжет ойлап шығарса, онда қиялдау шапшандығы 2 ұпаймен бағаланады.

Қиял бейнелерінің өзгешелігі, қайталанбаушылығы төмендегі тәсілмен бағаланады: егер бала бір уақытта біреуден естігенін немесе бір жерде көргенін қайталап айтып берсе, 0 ұпай беріледі. Ал бала бұрыннан белгіліні қайталай отырып, оған өзіндік жаңалық қосса, оның қиялының қайталанбаушылық көрсеткіш 1 ұпаймен бағаланады. Бала еш жерден естуі немесе көруі мүмкін емес, өзгеше бір нәрсе ойлап тапса, оның қиялының қайталанбаушылық белгісіне 2 ұпай қойылады. Бала фантазиясының байлығы ол пайдаланған бейнелердің әр түрлігімен өлшенеді. Қиялдау процесінің бұл белгісін бағалау үшін әңгімедегі тіршілік иелерінің, заттардың, олар қатысатын ситуациялар мен әрекеттердің, оларға берілген әр түрлі сипаттамалар мен белгілердің саны есептеледі.

Бұл айтылғандардың жалпы саны 10-нан асса, бала қиялының байлығы үшін 2 ұпай қойылады. Егер көрсетілген белгілер саны 6-9 көлемінде болса, бала фантазиясының байлығы 1 ұпаймен бағаланады. Әңгімеде жоғарыда аталған белгілер аз болып, бірақ 5-тен кем болмаған жағдайда, бала фантазиясының байлығына 0 ұпай қойылады.

Бейнелердің тереңдігі мен жан-жақты берілуі әңгімедегі негізгі роль атқарушы бейнеге қатысты /адам, жан-жануар, фантастикалық бейне, объект, зат т.б./ сипаттамалар мен бөлшектердің қаншалықты түрлендіріліп көрсетілгені бойынша анықталады. Бұнда да баға 3 ұпайлық жүйемен қойылады. Әңгімедегі орталық бейне жалпы, схемалық түрде суреттеліп, жеке аспектілерге көңіл бөлінбеген жағдайда, бала 0 ұпай алады. Егер орталық бейнені сипаттауда бөлшектерге белгілі бір деңгейде көңіл бөлінсе, бейненің тереңдік белгісіне 1 ұпай қойылады. Әңгіменің негізгі кейіпкері жан-жақты суреттеліп, оның жеке бөлшектеріне әр түрлі сипаттамалар берілген жағдайда, бейнелердің тереңдігі мен жан-жақты берілу белгісі 2 ұпаймен бағаланады.

Бейнелердің сезімге әсері, эмоциялық көрінісі сол бейнеге тындаушылар тарапынан қызығушылықтың болуымен бағаланады.

Баланың әңгімеде колданған бейнелерінде қызықтыратын қасиеттер аз болып, тындаушыларда ешқандай сезім тудырмаса, қиялдың бұл саласы 0 ұпаймен бағаланады. Егер әңгімедегі бейнелер тындаушылардың қызығушылығын тудырып, оларда жауап эмоция пайда болып, бірақ пайда болған қызығушылық пен эмоция тез әлсіреген жағдайда, бейнелердің сезімге әсері 1 ұпаймен бағаланады.

Бала қанық, өте қызықты бейне жасап, соның нәтижесінде тындаушылардың оянған қызығушылығы әлсіремей, әңгіменің соңына таман танданыс, мақтаньш,

қорқыныш т.б. эмоциялық жауаптар түрінде күшейе түссе, бала әңгімесінің сезімге әсеріне өте жоғары 2 ұпай қойылады.

Бүкіл әдістеме бойынша баланың жинауы мүмкін ең жоғары ұпай 10-ға тең, ал ең төмен ұпай - 0 болып есептеледі.

«Сөз арқылы қиялдаудың» даму деңгейі туралы қорытынды.

10 ұпай-өте жоғары деңгей

8-9 ұпай-жоғары деңгей

4-7 ұпай-орта деңгей

2-3 ұпай-төмен деңгей

0-1 ұпай - өте төмен деңгей

#### **№14 әдістеме. «Сурет»**

Бұл әдістеме бойынша балаға стандартты ақ парақ және түрлі-түсті фломастер /6 түстен кем емес/ ұсынылады. Балаға 5 минут ішінде қандай да болмасын бір сурет ойлап салу тапсырылады. Суретті талдап, бала фантазиясын ұпаймен бағалау. «Сөз арқылы қиялдау» әдістемесіндегі өлшемдер бойынша, сондағы кесте үлгісінде жүргізіледі.

#### **№15 әдістеме. «Мүсін»**

Балаға ермексаз беріліп, 5 минут ішінде бір нәрсені істеп шығару тапсырылады. Бала фантазиясы осының алдындағы берілген әдістемелердегі өлшемдер бойынша 0-10 ұпаймен бағаланады.

0-1 ұпай - бала бөлінген 5 мин. ішінде бір нәрсе ойлап, оны қолымен жасап үлгермеген жағдайда қойылады.

2-3 ұпай - бала шар, төртбұрыш, сақина, таяқша сияқты өте қарапайым нәрсе ойлап, соны жасағанда қойылады.

4-5 ұпай - 2-3 бөліктен тұратын қарапайым зат ойланылып, жасалғанда қойылады.

6-7 ұпай - бала өзгеше зат ойлап табады, бірақ бұл затта фантазиясының байлығы ерекше көрінбейді.

8-9 ұпай - ойланған зат өзінің қайталанбастығымен ерекшеленеді, бірақ ұсақ бөліктері жан-жақты ашылмаған.

10 ұпай - балаға ойлап жасаған заты әрі қайталанбастығымен, әрі бүкіл бөліктерінің жан-жақты ойластырылғандығымен, әрі көркемдігімен ерекшеленген жағдайда ғана қойылады.

Қиялды зерттеу әдістемелеріне түсініктеме.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қиялының дамуын оның әңгімесі, суреті, жасаған заты арқылы бағалау кездейсоқ тандалған тәсіл емес. Бұл әдістемелер осы жастағы балада болатын ойлаудың негізгі үш түріне сәйкес келеді: көрнекі -іс-әрекеттік ойлау, көрнекті-образдық ойлау және сөздік-логикалық ойлау. Сондықтан осыған сай келетін шығармашылық іс-әрекеттерде бала қиялы толық көрінеді.

Бала қиялының дамуы туралы қорытынды.

10 ұпай алу балада осы қиялдың түрі негізгі орын алатын іс-әрекетке деген бастапқы нышанның бар екенін дәлелдейді. Бұндай балалар зерттеліп отырған сала бойынша мектепте оқуға дайын деп есептеледі.

8-9 ұпай баланың мектепте оқуға біршама толық дайын екенін көрсетеді.

6-7 ұпай баланың мектепке дайындығы қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетеді.

4-5 ұпай баланың мектепте оқуға дайындығының жеткіліксіз екенін дәлелдейді. 3 және одан төмен ұпай баланың бастауыш мектеп бағдарламасын игеріп кетуге дайындығының жоқ екенін көрсетеді.

### **№16 әдістеме. Жеке тұлғаны зерттеуге бағытталған Р.Кеттел тестінің балаларға арналған нұсқасы**

Бұл әдістеменің мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды жеке тұлға ретінде зерттеуге бағытталған Р.Кеттел тестінің модификациясы болып табылады.

Тестінің сипаттамасы:

Тест баланың жеке тұлға ретіндегі негізгі қасиеттеріне сәйкес 12 бөліктен тұрады. Әрбір фактор жағымды немесе теріс мағыналы болуы мүмкін. Мысалы: «интеллектуалдық тұрғыдан жақсы дамыған» немесе «интеллектуалдық тұрғыдан даму деңгейі төмен» түрінде, сол сияқты ең төменгі және ең жоғарғы бағалардың аралығы 10 ұпайға тең, олардың орта мағынасы 5,5 болады.

Төменде жеке тұлғаға тән 11 қасиеттің сипаттамасы беріледі. Әдістеме бойынша жеке тұлғаның әр түрлі қасиеттері дамуының үш деңгейі анықталады. Олар: төмен деңгей 1-3 ұпай аралығы, орта деңгей 4-7 ұпай аралығы және жоғары деңгей 8-10 ұпай аралығы. Бірақ жеке тұлғаның кейбір қасиеттері дамуының екі қарама-қарсы көрсеткіші - жоғары, төмен – бөлініп көрсетіледі. Оларға сәйкес келетін сандық баға көрсетіліп, қысқаша сапалық сипаттама берілген. Жеке тұлғаның көптеген қасиеттері күрделілігі жағынан ұқсас, оларға қарсы бағыттағы көрсеткіш аталмайды. Мысалы: жеке тұлғаның бірінші зерттелетін қасиеті «экстраверсия» деп аталады, осы шкаламен өлшенетін оған қарама-қарсы қасиет «интроверсия» деп аталады, бірақ ол балада экстраверсия нашар дамыған жағдайда ғана көрінеді.

#### **I қасиет. Экстраверсия - интроверсия; мейірімділік –суықтық.**

Ашық, жылы жүзді, көпшіл, жанашырлық, қайырымдылық қасиеттері бар балаға 8-10 ұпаймен сипатталатын жоғары баға қойылады. Осы шкаланың 1-3 ұпаймен өлшенетін төменгі бағасы тұйық, ешкімге сенбейтін, айналасына немқұрайлы, жеке жүретін балаға қойылады.

Осы шкала бойынша жоғары ұпай алған бала жағымды эмоциясымен, көңілділігімен ерекшеленеді. Төмен бағаланған балаға сенімсіздік, өкпешілдік тән болады да, ол өзінің теріс эмоциясын, адамдармен жағымды негізде қарым-қатынас орната білмеуін жасыра алмайды. Оның мінезінде қасарыспалық, өзімшілдік жиі байқалады.

#### **II қасиет. Өз-өзіне сенімділік - сезімдік тұрақсыздық.**

8-10 ұпай алған бала өз-өзіне сенімді, сезімдік тұрақсыздығы төмен деңгейде дамыған болады. Осы шкала бойынша төменгі 1-3 ұпайды алған бала өз-өзіне сенімсіздігі мен сәл нәрсеге ренжитін сезімталдығымен ерекшеленеді. Жеке тұлғаның бұл қасиетінің төменгі мәніне ие болған бала өз сәтсіздіктеріне ерекше күйзеледі, құрбы-құрдастарынан өзінің қабілеті төмен деп есептейді, өз сезімін билей алмайды, жаңа жағдайға, өмірге бейімделуде психологиялық және мінез-құлық жағынан қиындықтар сезінеді. Керісінше, осы шкала бойынша жоғары ұпай алған баланың әлеуметтік бейімділігі жақсы болады.

**III қасиет. Сабырлылық-сабырсыздық.** 8-10 ұпай алған балаларға шыдамсыздық, аса қозғыштық, ұшқалақтық қасиеттер тән.



Төменгі 1-3 ұпай алған балалар сабырлылығымен, ұстамды, бір қалыпты мінезімен ерекшеленеді.

Қозғалыс қасиеті жоғары балаларға тұрақсыз зейін, жоғары қозғалыс белсенділігі тән. Жеке тұлғаның бұл қасиетінің төменгі бағасы эмоционалдық бірқалыптылық, ұстамдылықты көрсетеді.

#### **IV қасиет. Тәуелсіздік.**

Бұл шкала бойынша жоғары 8-10 ұпай алған бала тәуелсіз, табанды, айналадағы адамдарға үстемдік жүргізуге талпынысының молдығы, ешкімге өз есесін жібермейтін қасиеттермен ерекшеленеді.

Төменгі 1-3 ұпай керісінше тәуекелшілдікті, ұшқалақтықты бейнелейді.

#### **V қасиет. Ойлылық - ұрыншақтық.**

Бұл қасиеттің жоғары 8-10 ұпайы баланың ақылдылығын, өзіндік пікірдің иесі екенін, оның ұстамдылығын, сақтығын, өзіне, жалпы өмірге сенімділігін көрсетеді. Төменгі көрсеткіші /1-3 ұпай/ керісінше орынсыз тәуекелшілдік, ойланбаушылықты бейнелейді.

Жеке тұлғаның осы қасиеттерінен төмен бағаланаған балаларға авантюризм, жауапкерсіздік, өз мүмкіндігін артық бағалау, шектен тыс оптимизм тән. Жоғары баға алған балалар өздерін ақылды, ойлы ұстап, орынсыз тәуекелге ұрынбай, сенімді түрде әрекет етеді.

#### **VI қасиет. Ар-ұяттың дамуы. Жауапкершілік-жауапкершіліктің болмауы.**

Бұл қасиет бойынша жоғары 8-10 ұпай баладағы арлылық қасиетінің деңгейін, орындаушылық тәртіпті, жауапкершілікті бейнелейді.

Осы шкаладағы төменгі 1-3 ұпай арсыздық, жауапкерсіздіктің көрінісі:

Бұл қасиеттің болуы адамдардың көпшілігі қабылдаған нормалар мен қылықтарды баланың қалай қабылдап, орындайтындығынан көрінеді. Төменгі ұпай жинаған балалар өз міндеттеріне жауапсыз қарайтындықтан басқалардың өзіне деген сенімін жоғалтады, ата-ана, мұғалімдерімен жиі-жиі қақтығысып қалады. Жеке тұлғаның бұл қасиетінің жағымды көрсеткіші баладағы жоғары деңгейде дамыған жауапкершілікті, мақсаттылықты, ұқыптылықты көрсетеді.

#### **VII қасиет. Батылдық - жасқаншақтық.**

8-10 ұпай - батыл, шешімді тез қабылдайтын балаларға қойылады.

1-3 ұпайды - ұялшақ, жасқаншақ, өз іс-әрекетінде шешім қабылдауға киналатын балалар алады.

#### **VIII қасиет. Практикалық бейімділігі.**

Бұл қасиеттегі жоғары 8-10 ұпай баланың практикалық тұрғыдан икемсіздігін, қиялшылығын, шындық өмірден алшақ тұруын дәлелдейді.

Осы шкаладағы төмен 1-3 ұпай баланың өмір шындығына сәйкес әрекет ете алатынын, практикалық тұрғыдан өмірге бейім екенін, өзіне ғана сенетінін көрсетеді. Бұндай балалар басқаларға тәуелсіз болып, өз бетінше әрекет етуге дайын болады, ал жоғары ұпай жинаған балаларда, керісінше, сентиментальдық сенімшілдік, басқалардан көмек күту, қоршаған ортаның ықпалына көнгіштік байқалады.

#### **IX қасиет. Оптимизм.**

8-10 ұпай жинаған балалар қалыпты жағдайдан тез ауытқиды, көңіл күйінің төмендеуі жиі байқалады.

1-3 ұпай алған балаларда көңіл-күйі көбіне бір қалыпты деңгейде болады, көңіл күйінің бұзылуы сирек байқалады.

### **X қасиет. Өзін-өзі бақылау.**

8-10 ұпай әлеуметтік тұрғыдан жақсы бейімделген, өз қылығын бақылау іскерлігі қалыптасқан балаларға қойылады.

1-3 ұпай өз қылығын бақылау іскерлігінің қалыптаспағанын дәлелдейді.

### **XI қасиет. Немқұрайлылық.**

8-10 ұпай нервтік қозғыштығы шапшаң, шиыршық атқан балаларда болады.

1-3 ұпай бір қалыпты, немқұрайлы балаларға қойылады.

### **XII қасиет. Жайбарақаттық - тынымсыздық.**

8-10 ұпай тынымсыз, бір орында отыра алмайтын, қозғалмалы балаларға тән.

1-3 ұпай жайбарақат, қозғалып болмайтын, сылбыр балаларға қойылады.

Кеттел тестінің балаларға арналған нұсқасы оның өмірінің әр саласын және оның адамдармен қарым-қатынасын қамтитын 110 пікірден құралған. Оларға зерттелушінің жеке тұлғасына, оның әлеуметтік дүниетанымына, өзін-өзі бағалауына т.б. қатысты тіке және жанама сұрақтар енгізілген.

Әрбір сұраққа екі альтернативті пікір-жауап ұсынылған, зерттелуші олардың біреуіне келісетінін білдіріп, екіншісін жоққа шығарады.

Сұрақтар 55 пікір жауаптан 2 бағанаға бөлініп берілген. Жоғарыдағы әрбір 11 бөліктің әрқайсысына 10 пікір жауап /әр бағанда 5 пікірден/ сәйкес келеді, олардың әрқайсысы I ұпаймен бағаланады.

11 бөліктің әрқайсысы бойынша алған ұпайларының қосындысы 10 ұпайлық жүйеге келтіріледі.

Ең төмен I және ең жоғары 10 ұпай өте сирек кездеседі, бұл жеке тұлғаның сол қасиетінің шектен тыс көрінісін байқатады. Бұл әдістеме бойынша зерттеуді жеке де, топтық түрде де жүргізуге болады. Зерттеуді топтық түрде жүргізу үшін әр балаға жеке, оның ішінде қыз балаларға бөлек, ер балаларға өз алдына Кеттел тестінің пікір-жауаптары және оқушы жауабы толтырылатын арнаулы парақ таратылады.

Зерттелушіге мынадай түсініктеме беріледі: «Құрметті балалар! Біз алдарындағы әдістеменің көмегімен сіздердің мінездеріңді зерттейміз, ол үшін осы сұрақтарға жауап беріңдер. /Егер зерттеу жеке жүргізілсе, сұрақтар оқылады/. Бұл сұрақтардың жауабын «дұрыс», «дұрыс емес» деп бөлуге болмайды, олар бағалылығы жағынан бірдей. Әркім өзіне көбірек сәйкес келетін жауапты бөліп көрсетеді. Сұрақтар «не, немесе» шылауларымен бөлінген 2 бөліктен тұрады, олардың екеуімен де танысып, өзіне көбірек сәйкес келетінін тандайсыңдар. Жауапты белгілейтін қағазда әрбір сұрақтың номерінің жанында 2 шаршы орналасқан. Олар пікір жауаптың сол бөлігін, яғни «не, немесе» шылауларына дейінгі бөлігін және осы шылаулардан кейінгі бөлікті бейнелейді. Өздеріңнің таңдаған жауаптарыңның сол, оң бөлікте орналасуына сәйкес келетін шаршыға «плюс +» белгісін қойыңдар. Егер кейбір сұрақтардың 2 жауабы да сіздің ойыңыздан шықпаса, онда ойланып өзіңізге көбірек ұнайтын жауапты белгілеңіздер. Сұрақты тастап кетуге немесе екі жауаптың бірін таңдамауға рұқсат етілмейді.

### **Кіші мектеп жасындағы оқушының өзін-өзі бағалауы және талаптану деңгейі**

Өзін-өзі бағалау – ақыл-ой әрекетінің жекелік параметрі, күрделі динамикалық жеке құрылым. Өзін-өзі бағалау реттеушілік қызмет атқарады. Оқушының оқу әрекетінің тиімділігі оның білімді жақсы меңгеруіне немесе ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін игеруіне ғана байланысты болмайды. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау

деңгейі де зор ықпал жасайды. Себебі оқу әрекетін меңгерудегі жетістік пен жеке тұлға дамуының арасы өзара тығыз байланысты. Оқушының өзін-өзі бағалау процесінде оның қолы жеткен жетістігі мен келешекке талпынысы, яғни болашаққа жоспары тікелей көрініс табады. Сондықтан, оқушының өзін-өзі бағалау процесі кейбір өзіндік жетіспеушіліктеріне қарамастан мінез-құлықты, соның ішінде оқу әрекетін реттеуде маңызды роль атқарады. Оқушының өзін-өзі бағалауының негізі оқу әрекетіндегі жетістікке ұмтылу қызығушылығымен тығыз байланысты. Сол сияқты өзін-өзі бағалау жеке тұлғаға тән келесі бір құрылым талаптану деңгейімен де астарласып жатады, себебі ол жағымды бағаға де тән тұрақты қажеттілікті көрсетеді. Әрбір жеке тұлғаның қажет ететін жағымды бағасының деңгейі әр түрлі болады. Біреулерге өзінің басқалардан төмен емес екенін білудің өзі жеткілікті, екіншілері әр бағасының өткендегіден жоғарырақ болуын қалайды, ал үшіншілері бағасының басқалардан артық болуын көксейді.

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауы негізінен мұғалім бағасының ықпалымен жүзеге асады. Балалар негізінен көңілді өздерінің интеллектуальдық мүмкіндігіне және өзін басқалардың қалай бағалайтынына аударады. Бұл жастағы балалар үшін жағымды бағаны көпшіліктің мойындағаны ерекше маңызды. Өзін-өзі және онымен тікелей байланысты талаптану деңгейін бағалау ақыл-ой әрекетінің жекелік параметрі бола отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеті негізіндегі жеке тұлғаның дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан психолог пен мұғалім оқушының өзін-өзі бағалауының дамуын бақылап отыруы керек. Мектеп психологы әр түрлі әдістемелер арқылы оқушының өзі-өзін бағалау деңгейін әрбір жартыжылдықта тексеріп отырғаны жөн. Бұл тексерулер әр түрлі әдістемелер арқылы және әр түрлі жағдайда /жетістік пен сәтсіздік/ жүргізілген уақытта нәтижелерді өзара салыстыруға, жалпылауға, сөйтіп дәл де сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік туады.

### **№17 әдістеме. «Үш баға»**

А.И.Липкина ұсынған бұл әдістеме оқушылардың өзін-өзі бағалауын тексеруге мүмкіндік береді. Әдістеме бойынша оқушыларға кез-келген оқу тапсырмасын жазбаша түрде орындау ұсынылады. Психолог мұғаліммен бірлесе отырып, оқушының жұмысына үш баға қояды: сәйкес, жоғары және төмен баға. Оқушыларға дәптер таратпас бұрын төмендегі түсініктеме беріледі: «Сіздердің жұмыстарыңызды әр түрлі мектептен 3 мұғалім тексерді. Тексеру барысында орындалған тапсырма туралы олардың әрқайсысында әр түрлі пікір қалыптасты, сондықтан олар әр түрлі бағалар қойды. Сен жұмысыңды қарап, өзіңнің қай бағамен келісетініңді анықта және сол бағаны қорша». Бұдан соң жеке әңгімелесу барысында оқушылардан төмендегі сұрақтарға жауап алынады:

1. Сен өзінді орта, нашар немесе күшті деңгейде үлгеретін оқушылардың қай тобына жатқызасың?

2. Сені қандай бағалар қуантып, қандай бағалар ренжітеді?

3. Сен жұмысты «3» деген бағаға орындадың. Бірақ мұғалім саған «5» деген баға қойды. Сен бұл жағдайда қуанар ма едің, әлде ренжірме едің?

Нәтижені бағалау:

Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі алынған мәліметтерді төмендегі көрсеткіштер бойынша өңдеу негізінде анықталады:

-оқушының өзіндік бағасының мұғалім қойған нақты білімге берілген бағамен сәйкес келу-келмеуі;

-өзіне берген бағаны дәлелдеуі:

а) орындалған жұмыстың сапасы арқылы дәлелдеуі.

ә) басқа дәлелдері.

б)өзіне-өзі қойған бағасының тұрақтылығы.

Бұл оқушының өзін-өзі бағалауы мен қойылған сұрақтар барысында өз бағасын дәлелдеуге талпынуынан көрінеді.

### **№18 әдістеме. Оқушының талаптану деңгейін анықтау әдістемесі**

Оқушының талаптану деңгейі болжамдық баға қою жолымен, яғни нәтижені көрмей-ақ бағалау арқылы анықталады. Үлгерім деңгейі әр түрлі оқушыларға кезекпен 3 тапсырма беріледі: қазақ тілі және математикадан оқылған, оқушы меңгерген материал негізінде, ал бір тапсырма оқу материалынан тыс болады.

Мысалы: үлгі бойынша өрнек құрастыру т.б. Оқушыларға тапсырмамен танысып болған соң, төмендегі сұрақтарға жауап беру ұсынылады. «Сен бұл тапсырманы орындай алар ма едің? Орындасаң, қандай бағаға орындар едің, себебі. Онан соң балалар өз сыныбындағы үлгерімі үш түрлі оқушыларға байланысты осы сұрақтарға жауап береді.

Нәтижені бағалау:

Оқушының бағалау позициясын анықтауға мүмкіндік беретін төмендегі мәліметтерге талдау жасалады.

1.Үлгерім деңгейі әр түрлі оқушылардың өзін-өзі болжамдық бағалау ерекшеліктері /дұрыс, жоғары, төмен бағалау/.

2.Үлгерім деңгейі әр түрлі оқушылардың басқаларды болжамдық бағалау ерекшеліктері.

3.Бағалау әрекетіндегі дәлелділік, оның оқу әрекетіндегі қабілетке немесе жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталуы.

4.Оқу тапсырмасын орындаудағы бағалау әрекетінің оқу материалынан тыс жағдайда да қолданылуы.

Бұндай талдау негізінде әр оқушыда қалыптасқан бағалау позициясын білуге болады. Әр оқушының, оның ішінде үлгерімі нашар оқушылардың бағалауында қалыптасқан ерекшеліктерді білудің маңызы зор, себебі психологтардың зерттеуі бойынша үлгерімі төмен оқушыларда біртіндеп өзінің мүмкіндіктерін төмен бағалау тенденциясы қалыптасуы мүмкін. Нәтижесін де жетістіктен гөрі сәтсіздіктің көбеюі, талаптану деңгейінің өз мүмкіндігінен төмен болуы, өзін еркін сезінбеу, өзіне деген сенімсіздіктің күшеюі сияқты жағымсыз қасиеттері қалыптасады және бұл процесс мұғалімнің нашар бағасына байланысты тіпті терендейді. Эксперимент материалдары бастауыш сынып оқушыларының бағалау позициясы мұғалімнің сыныптағы оқушылардың бағалау ықпалына тәуелді екенін көрсетіп отыр. Сондықтан өзін-өзі бағалау іскерлігі мен талаптану деңгейінің қалыптасуында жетістікке деген қызығушылық жетекші роль атқарады. Сәтсіздіктің көбеюі, тапсырманы өз бетімен орындай алмау, төмен баға жетістікке деген қызығушылықты төмендетеді. Алдымен іштей куйзелу, біртіндеп өз әрекетіке берілген нашар бағаға еті өліп кету, немқұрайлылық пайда болуы мүмкін, бұл жеке тұлға дамуына кері ықпал ететіні сөзсіз.

## Практик психологтардың жұмысында қарым-қатынасты зерттеуде графикалық тәсілдерді қолданудың маңызы

Соңғы кезеңде практик психологтар әр түрлі графикалық тестер мен тәсілдерді өз жұмыстарында жиі қолдануда. Қарым-қатынасқа бірден түсе қоймайтын, тұйық балалармен әңгімелесу немесе сұраққа жауап алу тиімді болмайтыны түсінікті, сонымен қатар мектепке келетін балалардың көпшілігі өз проблемаларына талдау жасап, сөзбен бере білуге үйренбегендіктен, үйреншікті әдістер бойынша зерттеу көп қиындық тудырады. Осыған байланысты психолог Т.Ю.Андрущенко қарым-қатынастағы субъективті қиындықтарды бейнелеудің арнаулы графикалық /әрекет/ тәсілдерін ойлап тапты. Бұл тәсілдер, біріншіден, графикалық әрекет нәтижесінде баланың ішкі проблемаларын байқауға мүмкіндік береді. Екіншіден, графикалық тәсіл ішкі проблеманың себебін де анықтауға көмектеседі. Үшіншіден, ішкі қарама-қайшылықты шешу құралын іздестіріп, дұрыс жол табуға негіз болады. Олардың арасынан кіші мектеп жасындағы балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттеуге арналған төмендегі тәсіл атап өтуге болады:

### «Менің қарым-қатынас жасайтын ортам»

Бұл тәсіл баланың өз құрдастары, ата-анасы және мұғалімдерімен өзара қарым-қатынас ерекшелігін зерттеуге арналған. Зерттеуші баламен төмендегідей әңгіме жүргізеді: «Адам танымайтын кісінің сұрағына жауап беруді ұната бермейді. Сондықтан, қазір екеуміз сенің өміріңе байланысты суреттер салайық, ал кейін оның кейбір бөліктеріне талдау жасармыз». Бұндай күтпеген өтініш баланы қызықтырып, оны зерттеушімен бірлескен жұмысқа итермелейді. Бұдан әрі зерттеудегі графикалық әрекетке бағыт беріліп отырады:

1. Қанекей, күні бойы кімдермен және қай жерде қарым-қатынасқа түсу қажет болатынын ойланып, оларды мына «шеңберге» орналастырып көрейік.

Зерттеуші шеңбер сызып, баламен ақылдаса отырып, оны қарым-қатынас секторларына бөледі. Тік сызық жүргізу арқылы шеңберде «мектеп» және «мектептен тыс» қарым-қатынас секторлары жасалады. Көлденең сызық шеңберді «құрдастар» және «ересектер» секторына бөледі. Зерттеушінің қойған мақсаты, баланың дайындығы т.б. байланысты қарым-қатынастың әр түріне бөлінген кеңістік өзгеруі мүмкін. Мысалы, мектепте оқушылар мен мұғалімдер, мектептен тыс жерде ауладағы балалар, үйде тума-туыстар т.б. болуы мүмкін. Басқа мақсат қойылған жағдайда шеңбердің жоғарғы бөлігі қуаныш тудыратын, жағымды «+» белгісіне сәйкес, ал төменгі бөлігі реніш тудыратын жағымсыз «-» белгісіне сәйкес қарым-қатынасты белгілеуге арналуы мүмкін т.б.

2. Енді осы шеңбердегі бөлінген жерлерге, яғни, үйлерге сенімен жақын қарым-қатынас жасайтын адамдарды орналастырайық. Олар сенің достарың, жақындарың немесе сен қарым-қатынас жасауды қаламасаң да, амалсыз қарым-қатынасқа түсетін жағымсыз адамдар болуы да мүмкін. Зерттеуші баланың атаған барлық адамдарын шартты белгі бойынша /төртбұрыш/ шеңберге енгізеді. Бейнелеу барысында адамның жасы, қандай адам екені сұралады.

3. Енді осы адамдардың қайсысы сенімен «жақсы», қайсысы «нашар» қарым-қатынаста екенін белгілейік. Тік төртбұрышты қызыл /жақсы/ және көк /нашар/ түстермен бояй отырып, көп нәрсені анықтауға болады: жағымсыз қатынастың

себептерін, баланың қарым-қатынасқа байланысты өзіндік көзқарасын, ішкі сезімін т.б. аңғару мүмкіндігі туады. Тіпті баланың әр төртбұрышты бояудағы сызықтарының ерекшелігіне сәйкес ішкі көңіл-күйін де байқауға болады.

4. Енді үлкен шеңбердің ішінен тағы 2 шеңбер сызайық, біреуі шеңбердің дәл ортасында, кішкене ғана шеңбер түрінде болсын, оған сенің атыңды жазып қояйық. Екінші, үшінші шеңбердегі адамдарды сенімен қарым-қатынаста болуына сәйкес ашық және қоңыр түспен бояп көрсетейік. Зерттеуші баламен бірге, оның айтуына сәйкес кімдермен қатынасын бейнелеп отырғанын шартты түрде стрелкамен және сәйкес бояумен белгілеп отырады. Мысалы: папам менен гөрі інімді жақсы көреді деген пікірді бейнелеу үшін папасы бейнеленген төртбұрыш пен інісі бейнеленген төртбұрыш арасын ашық түсті бояумен бояп, стрелканы інісі бейнеленген төртбұрышқа бағыттаймыз. Ал, баланың басқа адамдармен /бірінші және екінші шеңбер/ қарым-қатынасында жақсы көру мен жек көру сезімі айқын байқалатын болса, сәйкес түсті сызық дәл сол төртбұрышқа дейін жүргізіледі де, сезім анық көрінбей, күмән туғызатын болса, сызық сол төртбұрыш бейнеленген шеңберге дейін ғана жүргізіледі. Жалпы қарым-қатынасты графикалық түрде бейнелеуде баланың ол туралы пікірі негізгі роль атқарады.

«Кім кінәлі»

Бұл тәсіл баланың өз қатарымен және ересектермен қарым-қатынасындағы шиеленістің пайда болуы мен шешілуіне қаншалықты жауапкершілікпен қарайтынын анықтауға арналған. Баланың шиеленісті «қарым-қатынас шеңбері» анықталған соң, одан шиеленістің пайда болуы мен шешілуіне деген қарым-қатынасын сызықтық шкаламен бейнелеу сұралады: /шкала он бөлікке бөлінген/  
1-шкала шиеленістің тууына әркімнің кінәсын бейнелейді. Ол үшін қарама-қарсы бағытта әркімге қатысты бөлік шартты түрде проценттік өлшеммен сызылады.  
2-шкала әркімнің шиеленісті шешуге деген ұмтылысын бейнелейді. Бұнда да сәйкес бөлік қарама-қарсы бағытты ашық түспен сызылады.  
3-шкала шиеленісті шешуге деген қарсылықты бейнелейді. Сызық қарама-қарсы бағытта қоңыр түспен беріледі. Бала шиеленісті жағдайды талдағанда, шиеленістің пайда болуы, дамуы және шиеленісуіне ықпал ететін сенбеушілік, келісуі, қорқыныш, т.б. мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді. Проблеманы талдау барысында шиеленіс пен ренішті жағдайлардан қорғану механизмі, қарсылық көрсеткіші, қарым-қатынасты сақтауға немесе өзгертуге деген ынтасы, т.б. туралы толық мәлімет алуға болады.

«Менің өмірімдегі қуаныштар мен реніштер»

Бұл тәсіл баланың әр түрлі жас кезеңінде басым байқалған көңіл-күйін анықтауға бағытталған. Тапсырманы бірлесіп орындауға бағытталған төмендегідей нұсқаулар беріледі:

1. Баланың туғаннан бастап «өмір жолы» сызылады. Онда баланың үйдегі, яғни балабақшадағы және мектептегі өмір кезеңдері /әрбір сынып бойынша/ көрсетіледі.  
2. «Өмір жолы» екі кеңістікке бөлінеді. Жоғарғы кеңістікке ашық түспен қуанышты оқиғалар, қарым-қатынастар бейнеленсе, төменгі кеңістікке көңілсіз оқиғалар, қиындық тудыратын қарым-қатынастар бейнеленеді. Көңіл-күйдің күшіне сәйкес /ерекше қуаныш немесе қатты реніш т.б./ бояудың түсі немесе штрихты сызықтың жиілігі өзгереді. Басым көңіл-күйін бейнелейтін бұл уақыттық шкала бала өміріндегі кейбір оқиғалардың мәнін, көңіл-күйінің тұрақтылығы мен сипатын, баланың өз

өмірінің әрбір кезеңіне берген бағасын анықтауға мүмкіндік береді. Баланың өз өміріне қанағаттану көрсеткішін қуанышты кезеңдер санының ренішті кезеңдер санына бөлінуі арқылы пайда болған бөлшек түрінде анықтаймыз. Нәтиженің бірден көп болуы бала өмірінде қуанышты, өзі қанағаттанатын кезеңдердің басым екенін көрсетеді. Нәтиженің бірден аз болуы балада теріс көңіл-күйдің басым екенін, өз өміріне қанағаттанбайтынын көрсетеді. Тапсырманы бірлесіп орындау барысында баланың пікірін тындай отырып, оның көңіл-күйіне ықпал жасайтын оқиғалардың мәнін анықтауға болады. Мысалы, бір балалар қуанышты туғызатын оқиғаны армандаған затын, /магнитофон, велосипед, т.б./ алуы немесе өз өмірінде болған жаңалықтармен /оқушы болуы, саяхатқа баруы, т.б./ байланыстырса, екіншілері дос табумен, отбасында іні-қарындастырының пайда болуымен т.б. байланыстырады.

### **Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында бақылау әдісін қолдану**

Жеке тұлғаның дамуына байланысты кейбір бағыттағы мәліметтерді алу үшін оқушылармен қарым-қатынас жасау процесінде оның мінез-құлқын бақылау әдістеріне жүгінуге де болады. Бақылау жолымен оқушылардың қайсібір жеке психологиялық ерекшеліктерін бағалауға болады. Оқу әрекетінде және күнбе-күнгі қарым-қатынаста жиі байқалатын мінез-құлқ реакциясы негізінде оқушының нервтік процестерінің күші, ұстамдылығы, қозғалмалылығы туралы қорытынды жасауға болады. Орталық нерв жүйесіндегі қозу процесінің күші туралы жалпы жұмысқа қабілеті және ықпал етуші ынталандырғыштарға қайтарылған жауаптарына сәйкес «күшті» немесе «әлсіз» деген қорытынды жасауға болады. Нерв жүйесі күшті балаларда күшті ынталандырғыштарға сәйкес жауап қайтарылса, нерв жүйесі әлсіз балаларға сезімталдық табалдырығының нәзіктігі, ұзаққа созылатын күйгелектік тән. Нерв жүйесін күштілер тобына жатқызу үшін қозғыштығы жөнінен төмендегідей көрсеткіштер қажет:

1. Ұзақ уақыт бойы интенсивтілігі мен нәтижелілігін төмендетпей қызықсыз жұмысты орындауға қабілеттілігі.
2. Жұмыстағы сәтсіздіктер мен қиындықтарды жеңу іскерлігі, қиындықтарға ұмтылуы, мақсатқа жету жолындағы табандылығы.
3. Қауіпті жағдай мен қиындық кездескенде жұмыс қабілетінің, қайсарлығының артуы.
4. Жаңа, күтпеген жағдайларда өз бетімен әрекет етуге талпынуы.
5. Сәтсіздік жағдай туғанда өзін-өзі тез менгеріп, жаңа әрекетке жұмылдыра білуі. Тежелу процесінің күші туралы баланың өз еркін басқара білу қабілетіне қарап қорытынды жасауға болады. Тежелу процесіне байланысты нерв жүйесі күшті дамыған топқа жатқызу үшін төмендегі көрсеткіштер негізге алынады:
  1. Жалпы жұмысқа, оның ішінде қызықты емес жұмысқа деген жоғары қабілеті.
  2. Мінез-құлқында, әнгімелесу барысында, тіпті психологиялық ауыр жағдайда да ұстамдылық көрсетеді.
  3. Қарым-қатынастағы ұстамдылық /ерекше қызықты хабарларды да ешкімге айтпай сақтай біледі/.
  4. Шешім қабылдауда асығыстық көрсетпейді.
  5. Ерік күшін қажет ететін әр түрлі дағдылардың да берік қалыптасуы.
  6. Сөйлеуінің, қимылының жайлығы, ым-шарасының аздығы, тамақты жаймен ұқыпты шайнауы, ұйқының тыныштығы т.б.

Ал тежелу процесіне байланысты нерв жүйесі әлсіз балалар тобына қарама-қарсы көрсеткіштер тән. Нерв процесінің ауыспалылығы, яғни қозудан тежелуге және керісінше ауысу мүмкіндігі туралы төмендегі көрсеткіштер негізінде қорытынды жасауға болады:

1. Іс-әрекетте, тіпті жаңа жұмысты меңгеруде де шапшаң қарқынның басым болуы.
2. Жаңа материалды тез меңгеру /кейде қажетті қайталау болмаса, шапшаң ұмыту да қатар жүреді/.
3. Басқа адаммен танысу процесінің жеңіл өтуі және танысу барысында белсеңдік көрсетуі: жаңа, өзгеше жағдайларға ұмтылу.
4. Жаңа ортаға тез үйреніп, шапшаң бейімделу.
5. Тез ұйықтап, бірден ояну.
6. Шапшаң сөйлеу, ым-ишараның молдығы, жалпы қозғалмалылық.

Нерв процесінің ауыспалылығы төмен топқа осыған қарама-қарсы көрсеткіштер тән болады.

Бақылау арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеті, олардың белгілі бір ақпаратты әр түрлі жағдайда пайдалана білуі, өз ойын жүйелі, логикалық түрде баяндау деңгейі туралы қорытынды жасауға болады. Ол үшін бақылау барысында оқушылардың интеллектуалдық деңгейін көрсететін төмендегі сипаттарға ерекше көңіл бөлу керек:

1. Кез келген материалды баяндауда жүйеліліктің болмауы.
2. Факторларға атүсті таддау жасау.
3. Негізделмеген қорытындыға келу.
4. Қорытындылар мен шешімнің өте қарапайымдылығы.
5. Өз дәлелдеріне қарсы келу.
6. Еш нәрсеге негізделмесе де өз пікірінен қайтпау.
7. Қорытынды, шешім, пікірлерінің ақылға сыйымсыздығы.
8. Әзілдің, мақал-мәтелдің ауыспалы мағынасын түсінбеуі.
9. Сәл нәрсеге ренжіп қалуы.

### **Мінездің психологиялық кемістігінің сипатына тән белгілерді анықтау**

Қарым-қатынас процесінде кейбір оқушыларда психологиялық кемістіктер мен нервтік қозудың өте жоғары деңгейін байқауға болады. Бұл сипаттар туралы төмендегі белгілер бойынша қорытынды жасауға болады.

Ескерту: Мұғалім немесе психологтың бұл белгілер бойынша түпкілікті қорытынды жасауына болмайды, тек психиатрға жіберуіне болады: мінездің психологиялық дамуындағы кемістікке тән белгілер:

Бірінші белгі:

1. Ойсыз, санасыз, түсініксіз қырсықтық, оған байланысты әңгімелесу, ескертудің еш нәтиже бермеуі.
2. Көңіл-күйінің, қызығушылығының өте шапшаң ауысуы, мінез-кұлқының тұрақсыздығы, әрқашан ойланбай әрекет етуі.

Екінші белгі:

1. Жолдастарымен жиі-жиі ренжісіп, айқайласып қалуы, себепсіз дөрекілік, ызакорлық, әрқашан кінәласуға дайын тұру.
2. Шектен тыс жағыну, жағымпаздану, айтқанға көнгіштік.

Үшінші белгі:



1. Өзін-өзі көрсету, осы мақсатта кез келген әдіс-тәсілді қолдану, анық байқалып тұратын эгоизм, өзін-өзі өлтіру сияқты қатерлермен басқаларды қорқыту.
2. Өзін-өзі төмен санау, үнемі еңсесін көтермеу, себепсіз қорқыныш, өзін-өзі өлтіру туралы ойларға орала беру.

Төртінші белгі:

1. Мінез-құлықтың байқалатын түсініксіздігі, тіпті кейде өзіне зиянды істермен де көрінеді. Мінез-құлықта ұйымдастыру белгілерінің байқалмауы.
2. Шектен тыс дәлдік /өте ұсақтыққа дейін жеткен/.

Бесінші белгі:

1. Бұзылғандық, өзінің кемшілігін мақтан тұту, жиіркенішті әрекеттерге шіміркенбеу.
2. Басқа жынысқа байланысты ерекше ұялшақтық, түсініксіз қорқыныш.

Сезімге байланысты жоғары деңгейдегі қозғыштықты сезімнің, мінез-құлықтың кейбір сыртқы белгілерінен байқауға болады: бұл белгілер сабаққа дайындалу, мұғалім қаталдығы, талапшылдығы, емтихан кезі сияқты күрделі жағдайларда анық көрінеді.

1. Бет құбылыстың айқын өзгерісі /еріннің шүртііп, алға созылуы, көз жыпылықтау/
2. Ым-ишараның көрінуі /басын сипау, көзін төңкеріп, ойлану әрекетін жасау т.б./
3. Жасқаншақтық, ұялшақтық анық байқалуы.
4. Дірілдің пайда болуы /қол, аяқ, ерін, қабақ, т.б./
5. Сөздің дыбысталуы мен айтылуының өзгеруі, интонацияның сәйкес келмеуі.
6. Сезімте байланысты ауытқулықтардың жиі байқалуы.
7. Сезімге байланысты ас қорыту органдары жұмысында өзгерістердің байқалуы.
8. Сабырсыздық, шыдамсыздық, сұрақтар мен жауаптардың шектен тыс сезімдік бояуға бай болуы.
9. Қуаныш пен ренішке байланысты сезімнің ерекше байлығы және реакциясының түсініксіздігі.

Сезімдік тұрақтылық туралы, яғни өте күшті сезімге байланысты психикалық және психомоторлық тұрақтылықты сақтау қабілеті туралы мінез-құлық әрекеті негізінде қорытынды жасауға болады.

Сезімдік тұрақтылықтың жеткіліксіздігін төмендегі белгілер көрсетеді:

1. Сезімдік ықпал жағдайында және күшті сезімдерге байланысты оқу немесе басқа әрекеттерінің нәтижесі күрт төмендейді.
2. Емтихандағы және бақылау жұмыстарындағы жауаптары қалыпты сабақтардағыдан үнемі төмен деңгейде болады.
3. Ересектер немесе өз қатарының арасынан сыйлы адамы бақылап отырса, жиі қате жіберіп, түсініксіз қылықтар жасауы.
4. Сезімге бай оқу, спорт немесе басқа іс-әрекеттен үнемі қашқақтап, көрермен ролінде болуға ғана талпынуы.

Тәртіптілікті бейнелейтін көрсеткіштер:

1. Белгіленген тәртіпті қатаң сақтауы.
2. Берілген тапсырманы шапшаң және дәл орындауға талпынуы.
3. Өзіне және басқаға деген жоғары талап қоюы.
4. Қоғамдық белсенділік.
5. Киіміндегі ұқыптылық пен тазалық.
6. Ғылыми тақырыпқа арналған әдебиет, кино, телехабарларға қызығушылық.

Тәртіпсіздік көрсеткіші бұған қарама-қарсы белгілерден көрінеді:

1. Жұмыстан қашқалақтау.
2. Тапсырманы орындамау.
3. Жауапсыздық, алдауға бейімділік, жалқаулық.
4. Өз мүддесіне байланысты жұмыстарды жолдастарының есебінен орындау.
5. Мұғалімнің беделін түсіруге арналған сұрақтарды қою.
6. Үнемі тәртіп бұзу, қалжыңбастық қылжақтау.

Баланың ұйымдастырушылық қабілетін зерттеуде төмендегі ерекшеліктерге назар аударылады:

1. Жұмысты жоспарлау іскерлігі.
2. Белгіленген жоспардың орындалуына бақылау жасау.
3. Оқушылардың міндеттерін дұрыс бөле білу.
4. Ересектермен және бағыныштылармен тіл табыса білу іскерлігі.
5. Басқалардың пікірімен санаса білуі.
6. Жұмысты қабылданған шешімге сәйкес орындау қажет жағдайда бейімделу қабілеті.
7. Жұмыстың нәтижесін болжай білу іскерлігі, қажет жағдайда бейімделу қабілеті.
8. Балаларды соңынан ерте білуі /қажет болғанда өзі үлгі көрсетеді/.

Ұжымға қарым-қатынасы туралы төмендегідей белгілерге бақылау жасауға болады:

1. Жалпыға ортақ мүдде үшін күрестегі белсенділігі мен принципшілдігі.
2. Жолдастарымен қарым-қатынастағы мейірімділік, олардың қажеттігіне назар аудару, қамқоршы болу, көмекке дайын болу.
3. Ұжымның талабын қабылдау іскерлігі, өз мүддесін қоғам мүддесіне бағындыра білуі.
4. Сынды «бетіне айту» қабілеті.
5. Жолдастарының арасындағы беделі.
6. Қарым-қатынастағы сыпайылық.
7. Қоғамдық белсенділігі.

Оқушыны зерттеу барысында ол туралы терең де жан-жақты мәлімет алу үшін әңгімелесу, интервью материалдарын да кең пайдалануға болады. Мысалы: «қиын» оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу үшін әңгімелесу әдісін қолдануға болады:

1. Сынып жетекшісімен әңгіме.
  1. Сөз болып отырған оқушының тәрбиесіндегі қиындық неде деп ойлайсыз?
  2. Оқушының мектептегі және үйдегі тәртібі.
  3. Үлгерімі.
  4. Оқушының тәрбиесін жақсарту мақсатында қандай шаралар алынды және олардың нәтижесі қандай?
  5. Оқушының үйдегі жағдайы.
    2. Оқушымен әңгіме.
      1. Мектеп бітірген соң кім болуды қалайсың?
      2. Қай оқу пәндерін көбірек ұнатасың?
      3. Не оқисың?
      4. Сенің жолдастарың. Олар туралы не ойлайсың?
      5. Өзіңнің мектептегі және сыныптағы оқуың мен тәртібіңе қанағаттанасың ба?
      6. Сенің қоғамдық жұмысың және оның нәтижелері.
      7. Сенің мектептегі және үйдегі сүйікті ісің.

8. Өмірде ең қызықты және ең маңызды не деп ойлайсың?

9. Ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай және себебі.

10. Сенің ересектерге көзқарасың.

3. Оқушы туралы мұғалімдермен әңгіме.

1. Сөз болып отырған оқушының сіздің сабағыңыздағы үлгерімі мен мінез - құлқы туралы пікіріңіз.

2. Оқушының тәртіпсіздігі көбірек байқалатын жағдайлар. Сіздің оқушыға берген кеңесіңіз, нұсқауыңыз.

3. Оқушының оқуға, жұмысқа қабілеті. Оның мүмкіндіктері.

4. Оқушы туралы оның жолдастарымен әңгіме.

1. Қашаннан бері доссыз /жолдассыз/?

2. Ортақ сүйікті істеріңіз, пәндеріңіз, сабақтарыңыз.

3. Досың /жолдасың/ саған несімен ұнайды?

4. Досыңның /жолдасыңның/ саған несі ұнамайды, себебі. Досыңа /жолдасыңа/ қалай көмектесесің?

5. Сендердің болашаққа байланысты жоспарларың.

5. Оқушының ата-анасымен әңгіме.

1. Сіз өз ұлыңыздың /қызыңыздың/ оқуына, мінез-құлқына қанағаттанасыз ба?

2. Балаңыздың оқуында, тәрбиесінде сізді мазасыздандыратын жағдайлар. Сіз балаңызға қалай көмектесесіз?

3. Күн режимі және оның орындалуы.

4. Балаңыз үйде немен айналысады? Үй шаруасына қалай көмектеседі?

5. Балаңыздың болашақта мамандық таңдауына байланысты қандай кеңестер берер едіңіз?

6. Оқушы туралы сыныптың топ басшысымен әңгіме.

1. Сөз болып отырған оқушы туралы сенің пікірің.

2. Оның мінез-құлқындағы кемшіліктер сынып оқырманда неден көрінеді?

3. Оқушының сыныптағы жолдастарымен қарым-қатынасы.

4. Сен және сынып ұжымы, оның тәртіпті оқушы болуына қалай көмектесіп жүрсіндер?

5. Ол оқушының қоғамдық тапсырмаларға, сыныптың ұжымдық өміріне қатынасы.

Қорытынды.

1. Қиын оқушыға мінездеме

2. Оны қайта тәрбиелеудегі мектептің, отбасының, қоғамның роліне баға беру.

3. Қиын оқушымен жұмыстың негізгі бағыты.

Бақылау әдісі бойынша психодиагностикалық қорытынды жасау үшін нені бақылау, қалай бақылау және қалай нәтиже шығару жолын көрсететін сызбалар қажет. Осы негізде жүргізілген бақылаулар стандартқа көшірілген бақылау деп аталады. Мысалы: нерв жүйесін бақылауға талдау жасап көрелік:

1. Жұмысқа қабілеттілік.

2. Мінез-құлқындағы тұрақтылық.

3. Қарым-қатынастағы сабырлылық.

4. Шешімді ойланып қабылдауы.

5. Қажетті дағдыларды шапшаң меңгеруі.

6. Қимыл-қозғалысындағы ұстамдылық.

7. Қимыл-қозғалысының шапшандығы.

8. Қажетті дағдыларды баяу меңгеруі.

9. Ойланбай шешім қабылдау.
10. Қарым-қатынастағы сабырсыздық.
11. Мінез-құлқындағы тұрақсыздық.
12. Жұмыста тез шаршау.

Баланың нерв жүйесінің тежелу деңгейін бақылау үшін зерттеуші бақылау барысында оқушының әрбір ісін мұқият қадағалап, жоғарыдағы сызбада көрсетілген категориялардың біреуіне жатқызып, қасына белгі қояды. Сызба 12-түрлі қасиетті камтиды, олардың 6-уы оң, 6-уы теріс бағыттағы көрсеткіштер. Бақылаудың соңында қай топтағы категориялардың басым белгіленуіне сай, баланың нерв жүйесінің тежелу деңгейі туралы қорытынды жасалады. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін бақылаудың басқа түрлері осы жолмен жүзеге асырылады.

### **Кіші мектеп жасындағы оқушының психологиялық даму деңгейі туралы қорытынды жасау**

Кіші мектеп жасындағы оқушының психологиялық даму деңгейі туралы қорытынды таным процестерін, жеке тұлғалық қасиеттерді, басқалармен қарым-қатынасын зерттеу барысында алынған мәліметтерді талдау, жинақтау негізінде жасалады. Бұндай қорытындыны жасау үшін кіші мектеп жасындағы баланың жеке психологиялық дамуының картасы толтырылады.

Мектепке келетін және мектептің бастауыш сыныбында оқитын балаларды кешенді түрде зерттеудің нәтижелері бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасалып, әр баланың психологиялық дамуын жетілдіру бағытында ата-аналарға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге нақты нұсқаулар беріледі. Психологиялық дамуы жөнінен зерттеліп отырған процестің көрсеткіші 5 ұпайдан төмен болмаса, бала мектепте оқуға дайын деп есептеледі. Егер ұпай 3-4 көлемінде болса, бұл көрсеткіш баланың психологиялық дамуы тұрғысынан мектепте оқуға жеткілікті дәрежеде дайын еместігін көрсетеді. Ал 2 немесе одан төмен ұпай баланың жалпы білім беретін мектептің бағдарламасын меңгеруге дайын еместігін білдіреді. Бұндай оқушылар міндетті түрде дәрігерлік және психиатрдың тексеруіне жіберілуі керек.

Зерттеліп отырған процесс бойынша 7 немесе одан жоғары ұпай жинаған балалар мектепте оқуға жақсы дайындалған деп есептеледі, ал 9 немесе одан жоғары ұпай жинаған оқушылар қабілетті балалар тобын құрайды. Осы зерттеу нәтижелеріне сәйкес балада өте жақсы немесе өте нашар дамыған психологиялық қасиеттер және психологиялық зерттеу барысында байқалған кейбір ерекшеліктері көрсетілген жинақтық кесте толтырылады. Онда баламен жүргізілетін жеке жұмыстар туралы жалпы психологиялық-педагогикалық нұсқаулар да белгіленеді. Сонымен қатар, әр балаға тән арнаулы психологиялық-педагогикалық нұсқаулар да көрсетіледі. Кестеде бұл нұсқаулардың қашан және кімге берілгені, оның орындалуы туралы мәліметтер де қамтылады.

### Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Методики психодиагностики в учебно-воспитательном процессе /Сост. В:В:Гришин, П.В.Мушин -М.,1990.-4с
2. Общая психодиагностика /Под ред. А.А.Бодалева, В.В.Столина, -М.,1987. -304с.
3. Психологическая диагностика:проблемы и исследования /Под ред.К.М.Гуревича – М., 1981.
4. Немов Р.С. Психология: Учеб.для студентов высш.пед.учебн.заведений.Экспериментальная педагогическая психология и психодиагностика –М.,Просвещение:ВЛАДОС,1995. -512с.
5. К.Ингенкамп.Педагогическая диагностика. Перевод с нем. –М.,Педагогика, 1989. -160с.
6. Голубев Н.К., Битинас Б.П. Введение в диагностику воспитания. –М., Педагогика, 1989. -160с.
7. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. –М., НПО «Образование»,1996. -154с.

## Мазмұны

Кіріспе.....	
Баланың қоршаған орта туралы жалпы бағдары мен тұрмыстың білім қорын анықтау.....	
Баланың мектепке, оқуға қарым-қатынасын анықтау.....	
Зейінді бағалау әдістемелері.....	
Естің психодиагностикасы.....	
Ойлаудың психологиялық диагностикасы.....	
Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тілінің даму деңгейін бағалау әдістері.....	
Көркем-бейнелік қабілетті, қиялды зерттеу әдістері.....	
Оқушының жеке-дара қасиеттерін зерттеу.....	
Кіші мектеп жасындағы оқушының өзін-өзі бағалауы және талаптану деңгейі.....	
Қарым-қатынастағы зерттеуге графикалық тәсілдерді қолдану.....	
Оқушылардың психологиялық дамуындағы ерекшеліктерге бақылау жасау.....	
Мектепке қабылданатын және мектептің бастауыш сыныптарында оқитын балалардың жеке психологиялық дамуы туралы педагогикалық-психологиялық қорытынды жасау.....	

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 39 бет, 3,25 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.